- Егер проектор өшірілген кезде дыбысты сыртқы динамиктерден шығарғыңыз келсе, проектордың **Extended** мәзіріндегі **A/V Output** параметрін **Always On** етіп таңдаңыз.
 - ☛ **Extended > A/V Settings > A/V Output**
- Сондай-ақ, проекторды динамиктері бар күшейткішке жалғауыңызға болады.
- Сыртқы динамиктерге қосылған кезде проектордың кірістірілген динамиктер жүйесі өшірулі болады.

1 Компьютеріңіз немесе бейне көзіңіздің проекторға аудио және бейне кабельдері арқылы тиісті түрде жалғанғандығына көз жеткізіңіз.

2 Сыртқы динамиктеріңізді жалғау үшін стерео мини ұяшықтан байланыс ұяшығына жалғау кабелі сияқты тиісті кабельді немесе кабель не адаптердің басқа түрін табыңыз.

3 Кабельдің бір жақ шетін сыртқы динамиктеріңізге тиісті түрде жалғаңыз.

4 Кабельдің стерео мини ұяшық шетін проекторыңыздың Audio Out портына жалғаңыз.



» Қатысты сілтемелер

- "Проекторды орнату параметрлері - Кеңейтілген мәзір" [p.148](#)
- "Функциялар тізімі" [p.11](#)


Микрофонды қосу

Презентациялар барысында аудио қолдауын қамтамасыз ету үшін проекторыңыздың Mic портына микрофон жалғауыңызға болады.



- Штепсельді қуат көзіне қолдау көрсетілмейді.
- Егер проектор өшіп тұрған кезде дыбысты микрофоннан шығарғыңыз келсе, проектордың **Extended** мәзіріндегі **A/V Output** параметрін **Always On** етіп таңдаңыз.
 - ☛ **Extended > A/V Settings > A/V Output**
- Микрофон дыбысын есту қиын болса немесе нашар контактілер шуылы нәтижесінде дыбыс тым қатты болса, **Mic Input Level** параметрін реттеңіз.
 - ☛ **Settings > Mic Input Level**

- 1** Микрофонның кабелін проектордың Mic портына жалғаңыз.



- 2** Қажет болса, микрофонды іске қосыңыз.

► Қатысты сілтемелер


- "Проекторды орнату параметрлері - Кеңейтілген мәзір" [p.148](#)
- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - параметрлер мәзірі" [p.145](#)
- "Функциялар тізімі" [p.11](#)

Қашықтан басқару пульті проектормен бірге жеткізілетін екі АА батареясын пайдаланады.

Назар аударыңыз

Батареяларды пайдалану алдында *Қауіпсіздік бойынша нұсқауларды* оқып шығыңыз.

- 1** Батарея қақпағын көрсетілгендей алыңыз.




- 2** Қажет болса, ескі батареяларды алыңыз.



Пайдаланылған батареяларды жергілікті заң талаптарына сай жойыңыз.


- 3** Батареяларды + және – шеттерін көрсетілгендей бір-біріне қарсы етіп салыңыз.



⚠ Ескерту


Батареялар дұрыс салынғанына көз жеткізу үшін батарея ұстағышындағы (+) және (-) белгілерінің орындарын тексеріңіз. Дұрыс пайдаланбаса, батареялар жарылып немесе ағып, өртке, жарақатқа немесе өнімнің зақымдалуына әкелуі мүмкін.

- 4** Батарея қақпағын ауыстырыңыз және орнына сырт етіп түскенше басыңыз.




Қашықтықтан басқару пульті бөлмедегі кез келген жерден басқаруға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан басқару пультін проектор қабылдағыштарының осы жерде берілген қашықтық пен бұрыштары шеңберінде бағдарлағаныңызға көз жеткізіңіз.




EB-E20/EB-E10/EB-E01/EB-E500



Қашықтан басқару пультін жарық флуоресценттік шамдар немесе тікелей күн сәулесі түскен жағдайда пайдаланбаңыз немесе проектор пәрмендерге жауап бермеуі мүмкін. Қашықтан басқару құрылғысын ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареяларды алып тастаңыз.

- 1** Объектив қақпағын ашу үшін, A/V дыбысты өшіру ысырмасының интірегін шырт еткенше сырғытыңыз.



- 2** Объективті жауып, проекцияланған кескінді және дыбысты уақытша өшіру үшін, объектив қақпағын жабыңыз.



A/V Mute қосылғаннан кейін проектордың қуаты 30 минуттан кейін автоматты түрде өшеді. Бұл мүмкіндікті өшіруге болады.

☛ ECO > Lens Cover Timer

» Қатысты сілтемелер

- "Функциялар тізімі" [p.11](#)

Негізгі проектор функцияларын пайдалану


Проектордың негізгі функцияларын пайдалану үшін осы бөлімдердегі нұсқауларды орындаңыз.

► Қатысты сілтемелер

- "Проекторды қосу" [p.44](#)
- "Проекторды өшіру" [p.47](#)
- "Күн мен уақытты орнату" [p.48](#)
- "Проектор мәзірлерінің тілін таңдау" [p.50](#)
- "Проекциялау режимдері" [p.51](#)
- "Сынақ үлгісін көрсету" [p.53](#)
- "Кескін биіктігін реттеу" [p.54](#)
- "Кескін пішіні" [p.55](#)
- "Үлкейту сақинасымен кескін өлшемін өзгерту" [p.60](#)
- "Фокустау сақинасы арқылы кескінді фокустау" [p.61](#)
- "Кескін көзін таңдау" [p.62](#)
- "Кескіннің пропорционалдық коэффициенті" [p.64](#)
- "Кескіннің сапасын реттеу (түс режимі)" [p.67](#)
- "Дыбыс түймелерімен дыбысты басқару" [p.69](#)

Проекторды қосқаннан кейін пайдаланғыңыз келген компьютерді немесе бейнені қосыңыз.

- 1** Қуат сымын проектордың қуат кірісіне жалғаңыз және оны электр розеткасына қосыңыз.




Проектордың қуат индикаторы көк түске ауысады. Ол проектордың қуат алып жатқанын, алайда әлі қосылмағанын көрсетеді (ол күту режимінде).

- 2** Проекторды қосу үшін басқару панелінде немесе қашықтықтан басқару құралында қуат түймесін басыңыз.

Проектор жылығанда проектор сигнал шығарады және күй индикаторы көк түспен жыпылықтайды. Проектор жылынғаннан кейін, күй индикаторы жыпылықтауды тоқтатып, көк түске ауысады.

- 3** Проектор объективінің қақпағын ашыңыз.



Проекцияланған кескін көрінбесе, келесі әрекеттерді орындаңыз.

- Объектив қақпағы толығымен ашық екенін тексеріңіз.
- Жалғанған компьютер немесе бейне құрылғысын қосыңыз.
- Ноутбукты пайдаланған кезде компьютердегі экран шығысын өзгертіңіз.
- DVD немесе басқа бейне құралын енгізіңіз және ойнату түймесін басыңыз (қажетінше).
- Көзді анықтау үшін қашықтықтан басқару пультіндегі немесе басқару панеліндегі [Source Search] түймесін басыңыз.
- Қашықтан басқару пультіндегі қалаған бейне көзінің түймесін басыңыз.
- Home screen экраны көрсетілсе, проекциялау қажет көзді таңдаңыз.

Ескерту

- Шам қосулы кезде проектор объективіне ешқашан қарамаңыз. Ол көзіңізді зақымдауы мүмкін, әсіресе балалар үшін қауіпті.
 - Қашықтан басқару пультің қолданатын қашықтықта проекторды қосқан кезде ешкімнің линзаларға қарамайтынын тексеріңіз.
 - Проекциялау барысында проектордан шығатын жарықты кітап немесе басқа заттармен бөгеттемеңіз. Проектордан шығатын жарық бөгеттелген болса, жарықтың түсетін аймағы ысып, оның еруі, күйі немесе өрттің басталуына әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, шағылысқан жарыққа байланысты объективтің ысуы және проектордың ақаулығына әкелуі мүмкін. Проекциялауды тоқтату үшін A/V Mute функциясын пайдаланыңыз немесе проекторды өшіріңіз.
 - Жоғары ішкі қысымы бар сынап шамы проектордың жарық көзі ретінде пайдаланылады. Шам діріл немесе соққы әсеріне ұшыраса немесе шамадан тыс ұзақ мерзім бойы пайдаланылса, шамның жарылуы немесе қосылмауы мүмкін. Шам жарылған жағдайда газдар шығуы мүмкін және шыны сынықтары шашырап, жарақаттарға себеп болуы мүмкін. Төмендегі нұсқауларды қарап шығыңыз.
 - Шамды бөлшектемеңіз немесе зақымдамаңыз және кез келген әсерлерден сақтаңыз.
 - Проекторды пайдалану кезінде бетіңізді қатты жақындатпаңыз.
 - Проектор төбеге орнатылған жағдайда аса сақ болған жөн, себебі шыны сынықтары шам қақпағы алынған уақытта төмен түсуі мүмкін. Проекторды тазалау немесе шамды өзіңіз ауыстырған жағдайда, шыны бөлшектерінің көз немесе ауызға түсуінен сақ болыңыз.
- Шам сынған жағдайда, аймақты дереу желдетіңіз және шыны сынықтары ауа жұтқан немесе көзге не ауызға түскен жағдайда дәрігерге хабарласыңыз.



- Проектордың **Extended** мәзірінде **Direct Power On** параметрі **On** күйіне орнатылған жағдайда, проектор оны розеткаға қосқаннан кейін бірден қосылады. Электр қуаты үзілгеннен кейін қалпына келтіру сияқты жағдайларда проектордың автоматты түрде қосылатынын ескеріңіз.
 - ☛ **Extended > Operation > Direct Power On**
- **Extended** мәзірінде белгілі бір порт ретінде **Auto Power On** параметрі таңдалған болса, проектор сол порттан сигнал немесе кабель қосылымын анықтағаннан кейін бірден қосылады.
 - ☛ **Extended > Operation > Auto Power On**


» Қатысты сілтемелер

- "Басты экран" [p.45](#)
- "Проекторды орнату параметрлері - Кеңейтілген мәзір" [p.148](#)
- "Функциялар тізімі" [p.11](#)

Басты экран

Home Screen мүмкіндігі кескін көзін оңай таңдау және пайдалы функцияларды алуды мүмкін етеді. Басқару панелінде немесе қашықтықтан басқару пультіңдегі [Home] түймесін басу арқылы негізгі экранды көрсетуге болады. Сондай-ақ негізгі экран проектор қосылғанда және ешқандай сигнал кірмегенде көрсетіледі.

Мәзір элементін таңдау үшін басқару панелін немесе қашықтықтан басқару пультінен көрсеткісі бар түймені басыңыз, содан кейін [Enter] түймесін басыңыз.



» Қатысты сілтемелер

- "Кескін пішіні" [p.55](#)
- "Проекторды орнату параметрлері - Кеңейтілген мәзір" [p.148](#)
- "Проектор мәзірлерін пайдалану" [p.139](#)
- "Проектордың анықтамалық дисплейлерін қолдану" [p.193](#)
- "Екі кескінді бір уақытта проекциялау" [p.71](#)
- "Функциялар тізімі" [p.11](#)

- 1 Проекцияланатын көзді таңдайды.
- 2 Connection Guide көрсетеді. Смартфондар немесе компьютерлер сияқты пайдаланылып жатқан құрылғыларға сәйкес, сымсыз байланыс әдістерін таңдауға болады.
- 3 Анықтама экранын көрсетеді.
- 4 Проектор мәзірін көрсетеді.
- 5 Проектордың **Extended** мәзірінде **Home Screen** параметрі үшін тағайындалған мәзір опцияларын орындайды.
- 6 Проекцияланған экранды бөлу арқылы түрлі кескін көздеріндегі 2 кескінді бір уақытта проекциялайды.
- 7 Тегіс емес тікбұрышты кескіннің шетін түзетеді.



10 минут пайдаланылмаған уақыттан кейін Home Screen жойылады.

Пайдаланғаннан кейін проекторды өшіріңіз.




- Проектордың жұмыс мерзімін ұзарту үшін, пайдаланылмаған кезде өнімді өшіріңіз. Шамның жұмыс мерзімі таңдалған үлгіге, қоршаған орта жағдайларына және пайдалануға байланысты өзгереді. Жарықтық бірте-бірте азаяды.
- Проектор тікелей өшіру мүмкіндігіне қолдау көрсететіндіктен, оны ажыратқыш арқылы өшіруге болады.

- 1** Басқару панелінде немесе қашықтықтан басқару пультіңдегі қуат түймесін басыңыз.

Проектор өшіру туралы растау экранын көрсетеді.

Power Off?

Yes: Press  button

No : Press any other button

- 2** Қуат түймесін қайта басыңыз. (Қосулы күйде қалдыру үшін, кез келген басқа түймені басыңыз.)

Проекцияланған кескін жоғалады, проектордан екі дыбыстық сигнал шығады және күй индикаторы өшеді.



Epson Жылдам өшіру (Instant Off) технологиясында суыту кезеңі болмағандықтан проекторды сол сәтте-ақ тасымалдау үшін салып әкетуге болады.

- 3** Проекторды тасымалдау немесе сақтау үшін, қуат индикаторы көк түсті (бірақ жыпылықтамайды) және күй индикаторы өшірулі екендігіне көз жеткізіңіз, кейін қуат сымын розеткадан шығарыңыз.


- 4** Проектор объективінің қақпағын жабыңыз.

» Қатысты сілтемелер


- "Функциялар тізімі" [p.11](#)

Проектор үшін күн және уақытты орнатуға болады.


- 1** Проекторды қосыңыз.
- 2** Басқару тақтасында немесе қашықтықтан басқару пультііндегі [Menu] түймесін басыңыз.
- 3** **Extended** мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.
- 4** **Operation** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.
- 5** **Date & Time** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.
Мына экранды көресіз:



- 6** **Date & Time** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.
Мына экранды көресіз:




- 7** **Date** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз және бүгінгі күнді енгізу үшін көрсетілген пернетақтаны пайдаланыңыз.
- 8** **Time** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз және ағымдағы уақытты енгізу үшін көрсетілген пернетақтаны пайдаланыңыз.
- 9** **Time Difference (UTC)** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз және Үйлестірілген әмбебап уақыттан уақыт айырмашылығын орнатыңыз.
- 10** Орнатып болған соң, **Set** пәрменін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.
- 11** Күндізгі уақытты белсендіру үшін **Daylight Saving Time** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз. Содан кейін параметрлерді таңдаңыз.



- 12** Орнатып болған соң, **Set** пәрменін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

- 13** Уақытты интернеттің уақыт сервері арқылы автоматты түрде жаңарту үшін **Internet Time** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз. Содан кейін параметрлерді таңдаңыз.




- 14** Орнатып болған соң, **Set** пәрменін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.
- 15** Мәзірлерден шығу үшін [Menu] немесе [Esc] түймесін басыңыз.

» Қатысты сілтемелер

- "Функциялар тізімі" [p.11](#)

Проектордың мәзірлері мен хабарларын басқа тілде көргіңіз келсе, **Language** параметрін өзгертуге болады.

- 1** Проекторды қосыңыз.
- 2** Басқару тақтасында немесе қашықтықтан басқару пультііндегі [Menu] түймесін басыңыз.
- 3** **Extended** мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.



- 4** **Language** мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.
- 5** Пайдаланғыңыз келген тілді таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.
- 6** Мәзірлерден шығу үшін [Menu] немесе [Esc] түймесін басыңыз.

Проектордың орналасуына байланысты, кескіндер дұрыс проекциялануы үшін проекциялау режимін өзгерту қажет болуы мүмкін.

- **Front** параметрі экранның алдындағы үстелден проекциялауға мүмкіндік береді.
- **Front/Ceiling** параметрі төбеден немесе төбе бекіткішінен астын үстіне келтіріп проекциялау үшін кескінді жоғарыдан төменге аударады.
- **Rear** параметрі жартылай мөлдір экран артынан проекциялау үшін кескінді көлденең аударады.
- **Rear/Ceiling** параметрі төбеден немесе қабырға бекіткішінен және жартылай мөлдір экранның артында проекциялау үшін кескінді жоғарыдан төменге және көлденең аударады.

► Қатысты сілтемелер


- "Қашықтан басқару пульті арқылы проекциялау режимін өзгерту" [p.51](#)
- "Мәзірлер арқылы проекциялау режимін өзгерту" [p.51](#)
- "Проекторды реттеу және орнату опциялары" [p.30](#)

Қашықтан басқару пульті арқылы проекциялау режимін өзгерту

Кескінді жоғарыдан төменге дейін аудару үшін, проекциялау режимін өзгертуге болады.

- 1** Проекторды қосыңыз және кескінді көрсетіңіз.

- 2** Қашықтықтан басқару пультіндегі [A/V Mute] түймесін 5 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз.



Кескін қысқа уақытқа жоғалып кетіп, жоғарыдан төменге аударылған күйде қайта пайда болады.

- 3** Проекциялауды кері бастапқы режимге ауыстыру үшін, [A/V Mute] түймесін 5 секунд бойы қайта басып тұрыңыз.


Мәзірлер арқылы проекциялау режимін өзгерту

Кескінді жоғарыдан төменге және/немесе сол жақтан оң жаққа аудару үшін проектор мәзірлерін пайдаланып проекция режимін өзгертуге болады.

- 1** Проекторды қосыңыз және кескінді көрсетіңіз.


2 Басқару тастасында немесе қашықтықтан басқару пультіндегі [Menu] түймесін басыңыз.

3 **Extended** мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.



4 **Projection** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

5 Проекциялау режимін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.




6 Мәзірлерден шығу үшін [Menu] немесе [Esc] түймесін басыңыз.

Қорғалған кескінді компьютерді немесе бейне құрылғысын қоспай-ақ реттеу үшін сынақ үлгісін көрсетуге болады.



Сынақ үлгісі көрсетіліп тұрғанда орнатылмайтын мәзір элементтерін орнату немесе проекцияланатын кескінді дәл реттеу үшін қосылған құрылғыдан кескін проекциялаңыз.

- 1** Проекторды қосыңыз.
- 2** Басқару тақтасында немесе қашықтықтан басқару пультіңдегі [Menu] түймесін басыңыз.
- 3** **Settings** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.




- 4** **Pattern > Test Pattern** тармағын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз. Сонда сынақ үлгісі көрсетіледі.
- 5** Кескінді қажетінше реттеңіз.
- 6** Сынақ үлгісін жою үшін [Esc] түймесін басыңыз.

Үстелден немесе басқа тегіс беттен проекцияланса және кескін тым жоғары немесе төмен болса, проектордың реттелетін аяқтары арқылы кескінді реттеуге болады.

Еңкейту бұрышы неғұрлым үлкен болса, фокустау соғұрлым қиын болады. Проекторды аз ғана бұрышқа еңкейту қажет болатындай орналастырыңыз.

- 1** Проекторды қосыңыз және кескінді көрсетіңіз.
- 2** Алдыңғы аяқты реттеу үшін, аяқты босату интірегін тартып, проектордың алдыңғы жағын көтеріңіз.




Аяқ проектордан ұзартылады.

Орынды шамамен 12 градусқа дейін реттеуге болады.

- 3** Аяқты құлыптау үшін интіректі босатыңыз.

- 4** Кескін еңкейтілсе, биіктігін реттеу үшін артқы аяқтарды бұрыңыз.



- 1** Артқы аяқты ұзартыңыз
- 2** Артқы аяқты тартыңыз

Егер проекцияланған кескін тегіс емес төртбұрышты болса, кескін пішінін өзгерту қажет.

» Қатысты сілтемелер

- "Кескін пішіні" [p.55](#)

Проекторды экран ортасының алдыңғы жағына тікелей орналастырып және сол деңгейді сақтай отыра тегіс төртбұрышты кескінді проекциялауға болады. Проектор экранға қатысты бұрышта орналастырылса немесе жоғары не төменге еңкейтілсе, не бір жаққа жылжытылса, кескін пішінін түзету қажет болуы мүмкін.

Түзетуден кейін кескін сәл кішірек болады.

Ең жақсы кескін сапасын қамтамасыз ету үшін, дұрыс кескін өлшемі мен пішіміне қол жеткізу мақсатында проектордың орнату орнын баптау ұсынылған.

» Қатысты сілтемелер

- "Auto V-Keystone" [p.55](#)
- "Көлденең трапеция реттегішімен кескін пішінін түзету" [p.55](#)
- "Трапеция тәрізді бұрмалау түймелерімен кескін пішінін түзету" [p.56](#)
- "Бұрыштық өзгеріс параметрімен кескін пішінін түзету" [p.57](#)

Auto V-Keystone

Проектор жылжытылған немесе еңкейтілген кезде, **Auto V-Keystone** параметрі автоматты түрде кез келген тік трапеция тәрізді бұрмалауды түзетеді.

Auto V-Keystone параметрі проекцияланған кескін бұрмалауын келесі жағдайларда түзете алады:

- Проекция бұрышы шамамен 30° жоғары немесе төмен
- **Projection** параметрі проектордың **Extended** мәзіріндегі **Front** опциясына орнатылған кезде



- **Auto V-Keystone** функциясын пайдаланбайтын болсаңыз, **Auto V-Keystone** параметрін проектордың мәзіріндегі **Off** күйіне орнатыңыз.

☛ **Settings > Keystone > H/V-Keystone > Auto V-Keystone**

» Қатысты сілтемелер

- "Проекциялау режимдері" [p.51](#)
- "Проекторды орнату параметрлері - Кеңейтілген мәзір" [p.148](#)
- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - параметрлер мәзірі" [p.145](#)
- "Функциялар тізімі" [p.11](#)


Көлденең трапеция реттегішімен кескін пішінін түзету

Тегіс емес көлденең тікбұрыш жағдайларында, мысалы проектор проекциялау аймағының бір жағына орналасқан кездерде кескін пішінін түзету үшін проектордың көлденең трапеция реттегішін пайдалануға болады. (көлденең трапеция реттегіші бар модельдер үшін ғана қолжетімді.)

Проекциялау бұрышы оң жақта немесе сол жақта 30° болған кезде тиімді түзетулер жасай аласыз.

1 Проекторды қосыңыз және кескінді көрсетіңіз.

2 Кескін біркелкі тікбұрышты болғанша сырғытпаны реттеңіз.



Түзетуден кейін кескін сәл кішірек болады.



- Көлденең трапеция реттегішін пайдаланған уақытта, **H-Keystone Adjuster** параметрін проектордың **Settings** мәзіріндегі **On** күйіне орнатыңыз.

☛ **Settings > Keystone > H/V-Keystone > H-Keystone Adjuster**

- Кескіннің көлденең бағыттағы пішінін сондай-ақ проектордың **Settings** мәзірінде түзете аласыз.


☛ **Settings > Keystone > H/V-Keystone**

► Қатысты сілтемелер

- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - параметрлер мәзірі" [p.145](#)
- "Функциялар тізімі" [p.11](#)

Трапеция тәрізді бұрмалау түймелерімен кескін пішінін түзету


Тегіс емес төртбұрышты кескін пішінін түзету үшін проектордың трапеция тәрізді түзету түймелерін пайдалануға болады.









Оң, сол, жоғары және төмен жағы 30° дейінгі кескіндерді түзету үшін трапеция тәрізді түймелерді пайдалануға болады.

- 1** Проекторды қосыңыз және кескінді көрсетіңіз.

- 2** Keystone реттеу экранын көрсету үшін, басқару панеліндегі трапецияны реттеу түймелерінің бірін басыңыз.



- 3** Кескін пішінін реттеу үшін трапеция түймесін басыңыз.






- Егер проектор сізге қолжетімсіз орнатылса, кескін пішінін қашықтықтан басқару пультімен де түзетуге болады.
 ⌨ **Settings > Keystone > H/V-Keystone**

► Қатысты сілтемелер

- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - параметрлер мәзірі" [p.145](#)

Бұрыштық өзгеріс параметрімен кескін пішінін түзету


Тегіс емес төртбұрышты кескін пішіні мен өлшемін түзету үшін проектордың **Quick Corner** параметрін пайдалануға болады.



- 1** Проекторды қосыңыз және кескінді көрсетіңіз.


- 2** Басқару тақтасында немесе қашықтықтан басқару пультіндегі [Menu] түймесін басыңыз.

- 3** Settings мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.




- 4** Keystone параметрін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.

- 5** Quick Corner параметрін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз. Қажет болса, [Enter] түймесін қайта басыңыз.



Ауданды таңдау экранын көресіз.


- 6** Реттеу қажет кескіннің бұрышын таңдау үшін көрсеткісі бар түймелерді пайдаланыңыз. Содан кейін [Enter] түймесін басыңыз.




- 7** Кескін пішінін қажетінше реттеу үшін көрсеткісі бар түймелерді басыңыз.
Ауданды таңдау экранына қайту үшін, [Enter] түймесін басыңыз.



- Осы экранды көрсеніз, сұр үшбұрыш арқылы көрсетілген бағытта әрі қарай пішінді реттей алмайсыз.



- Quick Corner түзетулерін қалпына келтіру үшін, Quick Corner реттеу экраны көрсетілген кезде [Esc] түймесін 2 секунд бойы басып тұрыңыз және **Reset Quick Corner** параметрін таңдаңыз. Кескін пішінін түзету әдісін H/V-Keystone әдісіне ауыстыру үшін **Switch to H/V-Keystone** параметрін таңдаңыз.



- 8** Кез келген қалған бұрыштарды реттеу үшін 6 және 7 қадамдарын қажетінше қайталаңыз.

- 9** Аяқтаған кезде [Esc] түймесін басыңыз.


Keystone параметрі проектордың **Settings** мәзіріндегі **Quick Corner** параметріне орнатылады. Басқару панелінен трапецияны реттеу түймелерін келесі басқан уақытта, ауданды таңдау экраны көрсетіледі.

► Қатысты сілтемелер

- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - параметрлер мәзірі" [p.145](#)

Проектордағы масштаб сақинасы арқылы кескін өлшемін өзгертуге болады. (Масштабтау сақинасы бар модельдер үшін ғана қолжетімді.)

- 1** Проекторды қосыңыз және кескінді көрсетіңіз.
- 2** Кескінді үлкейту немесе кішірейту үшін үлкейту сақинасын бұрыңыз.




» Қатысты сілтемелер

- "Функциялар тізімі" [p.11](#)

Фокустау сақинасын пайдаланып фокусты түзетуге болады.

- 1** Проекторды қосыңыз және кескінді көрсетіңіз.
- 2** Фокусты реттеу үшін, фокустау сақинасын айналдырыңыз.




Проекторға компьютер және DVD ойнатқыш сияқты бірнеше кескін көзі жалғанса, бір кескін көзінен басқасына ауыстыруға болады.

Қолжетімді көздер проект моделіне байланысты әртүрлі болады.

- 1** Пайдаланғыңыз келген кескін көзі қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
- 2** Бейне кескін көздері үшін, DVD немесе басқа бейне құралын енгізіңіз және ойнату түймесін басыңыз.

3 Келесі әрекеттің бірін орындаңыз:


- Қалаған көздегі кескінді көргенше басқару панеліндегі немесе қашықтықтан басқару пультіндегі [Source Search] түймесін басыңыз.



Кескін сигналы анықталмаған кезде осы экран көрсетіледі. Проектор мен кескін көзі арасындағы кабель қосылымдарын тексеріңіз.


[Source Search]

	Signal Status
HDMI1	Off
HDMI2	Off
Computer1	Off
Computer2	Off
Video	Off
USB Display	Off
USB	Off
LAN	Off
Screen Mirroring	Off


- Input an image signal.
- Press  to select the source.

- Қашықтан басқару пультіндегі қалаған көз түймесін басыңыз. Көзде бірден артық порт болса, көздердің арасында ауыстыру үшін түймені қайта басыңыз.

- Басқару панелінде немесе қашықтықтан басқару пультіндегі [Home] түймесін басыңыз.



Кейін көрсетілген экраннан пайдаланғыңыз келген көзді таңдаңыз.



► Қатысты сілтемелер

- "Функциялар тізімі" [p.11](#)

Проектор кескіндерді пропорционалдық коэффициенттер деп аталатын түрлі еннің ұзындыққа қатынасында көрсете алады. Әдетте, бейне көзіндегі кіріс сигналы кескіннің пропорционалдық коэффициентін анықтайды. Алайда, экранға сәйкестендіру үшін нақты кескіндердің пропорционалдық коэффициентін өзгертуге болады.

Егер әрқашан нақты бейне кіріс көзі үшін арнайы арақатынас пайдаланғыңыз келсе, оны проектордың **Signal** мәзірі арқылы таңдауға болады.


» Қатысты сілтемелер

- "Кескіннің пропорционалдық коэффициентін өзгерту" [p.64](#)
- "Кескіннің қолжетімді пропорционалдық коэффициенттері" [p.64](#)
- "Әр қатынас режимімен проекцияланған кескіннің сыртқы түрі" [p.65](#)
- "Енгізу сигналының параметрлері - сигнал мәзірі" [p.143](#)

Кескіннің пропорционалдық коэффициентін өзгерту

Көрсетілген кескіннің пропорционалдық коэффициентін өзгертуге болады.

- 1** Проекторды қосыңыз және пайдаланғыңыз келген кескін көзіне ауыстырыңыз.
- 2** Қашықтан басқару пультінде [Aspect] түймесін басыңыз.



Көрсетілген кескіннің пішіні мен өлшемі өзгереді және экранда кадр пішімінің атауы қысқа уақытқа пайда болады.

- 3** Кіріс сигналдарына арналған қолжетімді пропорционалдық коэффициенттер арасында ауыстыру үшін [Aspect] түймесін бірнеше рет басыңыз.



Кескіндерді қара жолақтарсыз көрсету үшін, **Resolution** мәнін проектордың **Signal** мәзіріндегі **Wide** немесе **Normal** параметріне компьютер ажыратымдылығына сәйкес орнатыңыз.

» Қатысты сілтемелер

- "Енгізу сигналының параметрлері - сигнал мәзірі" [p.143](#)

Кескіннің қолжетімді пропорционалдық коэффициенттері

Кескін көзіндегі кіріс сигналына байланысты кескіннің келесі пропорционалдық коэффициенттерін таңдауға болады.



- Қолжетімді пропорционалдық коэффициент параметрі кіріс сигналына байланысты әртүрлі болады.
- Проектордың кадр пішімі функциясын коммерциялық мақсаттарда немесе көпшілік көруі үшін проекцияланған кескінді кішірейту, үлкейту немесе бөлу мақсатында пайдалану авторлық құқықтар туралы заңға сай сол кескіннің авторлық құқық иесінің құқықтарын бұзуы мүмкін екенін ескеріңіз.

Ажыратымдылығы Full HD (1920 × 1080) немесе WXGA (1280 × 800) проекторлар үшін

Қатынас режимі	Сипаттама
Auto	Кіріс сигналы мен Resolution параметріне сәйкес пропорционалдық коэффициентті автоматты түрде орнатады.
Normal	Толық проекциялау аймағын пайдаланып кескіндерді көрсетеді және кескіннің пропорционалдық коэффициентін сақтайды.
16:9 *	Кескіннің пропорционалдық коэффициентін 16:9 өлшеміне дейін түрлендіреді.
Full	Проекциялау аймағының толық мөлшерін пайдаланып кескіндерді көрсетеді, бірақ пропорционалдық коэффициентті сақтамайды.
Zoom	Проекциялау аймағының толық енін пайдаланып кескіндерді көрсетеді және кескіннің пропорционалдық коэффициентін сақтайды.
Native	Кескіндерді дәл сол күйінде көрсетеді (пропорционалдық коэффициент және ажыратымдылық сақталады).

* WXGA (1280 × 800) ажыратымдылығына ие проекторлар үшін қолжетімді.

XGA (1024 × 768) ажыратымдылығына ие проекторлар үшін

Қатынас режимі	Сипаттама
Auto	Кіріс сигналы мен Resolution параметріне сәйкес пропорционалдық коэффициентті автоматты түрде орнатады.

Қатынас режимі	Сипаттама
Normal	Толық проекциялау аймағын пайдаланып кескіндерді көрсетеді және кескіннің пропорционалдық коэффициентін сақтайды.
4:3	Кескіннің пропорционалдық коэффициентін 4:3 өлшеміне дейін түрлендіреді.
16:9	Кескіннің пропорционалдық коэффициентін 16:9 өлшеміне дейін түрлендіреді.

» Қатысты сілтемелер

- "Функциялар тізімі" [p.11](#)

Әр қатынас режимімен проекцияланған кескіннің сыртқы түрі

Қара сызықтар және кесілген кескіндер нақты пропорционалдық коэффициенттерде, кіріс сигналының пропорционалдық коэффициенті мен ажыратымдылығына байланысты проекциялануы мүмкін. Қара жолақтар мен кесілген кескіндердің күйін тексеру үшін келесі кестені қараңыз.






Native режиміне арналған кескіндер кіріс сигналына байланысты өзгереді.







Ажыратымдылығы Full HD (1920 × 1080) немесе WXGA (1280 × 800) проекторлар үшін

Қатынас режимі	Кіріс сигналдарына арналған арақатынас		
	16:10	16:9	4:3
Normal Auto			
16:9 *			
Full			
Zoom			
Native			

* WXGA (1280 × 800) ажыратымдылығына ие проекторлар үшін қолжетімді.

XGA (1024 × 768) ажыратымдылығына ие проекторлар үшін

Қатынас режимі	Кіріс сигналдарына арналған арақатынас		
	16:10	16:9	4:3
Normal Auto			

Қатынас режимі	Кіріс сигналдарына арналған арақатынас		
	16:10	16:9	4:3
4:3			
16:9			

» Қатысты сілтемелер

- "Функциялар тізімі" [p.11](#)

Проектор түрлі көру орталары мен кескін түрлеріне арналған оңтайлы жарықтық, контраст және түсті қамтамасыз ету үшін түрлі Түс режимдерін ұсынады. Кескін мен қоршаған ортаға сәйкес болу үшін жасалған режимді таңдауға немесе қолжетімді режимдерді байқап көруге болады.


» Қатысты сілтемелер

- "Түс режимін өзгерту" [p.67](#)
- "Қолжетімді түс режимдері" [p.67](#)
- "Автоматты диафрагма функциясын орнату" [p.68](#)

Түс режимін өзгерту

Кескінді көру ортасына оңтайландыру үшін қашықтықтан басқару пультін пайдаланып проектордың Color Mode режимін өзгертуге болады.

- 1** Проекторды қосыңыз және пайдаланғыңыз келген кескін көзіне ауыстырыңыз.
- 2** Color Mode параметрін өзгерту үшін қашықтықтан басқару пультіндегі [Color Mode] түймесін басыңыз.



Экранда Color Mode жазуы қысқа уақытқа пайда болады және кейін кескіннің сыртқы түрі өзгереді.

- 3** Кіріс сигналдарына арналған барлық қолжетімді Түс режимдері арасында ауыстыру үшін [Color Mode] түймесін бірнеше рет басыңыз.



Сонымен қатар проектордың **Image** мәзіріндегі **Color Mode** параметрін орнатуға болады.

» Қатысты сілтемелер

- "Кескін сапасының параметрлері - Кескін мәзірі" [p.141](#)

Қолжетімді түс режимдері

Пайдаланып жатқан кіріс көзіне байланысты проекторды келесі Түс режимдерін пайдалану үшін орнатуға болады:


Түс режимі	Сипаттама
Dynamic	Бұл - ең жарық режим. Жарықтыққа басымдылық беріледі.
Presentation	Жарқын кескіндерді проекциялау үшін тиімді.
Cinema	Фильмдер сияқты мазмұндарды көру үшін оңтайлы.
sRGB	Түпнұсқалы кескіннің түсін берілген күйінде көрсету үшін оңтайлы.
Blackboard	Кескіндерді жасыл тақтаға тікелей шығарып проекциялау үшін оңтайлы.

Автоматты диафрагма функциясын орнату

Мазмұн жарықтығы негізінде кескінді автоматты түрде оңтайландыру үшін **Auto Iris** функциясын қосуға болады.


Бұл параметр **Dynamic** немесе **Cinema** түс режимдері үшін қолжетімді.

- 1** Проекторды қосыңыз және пайдаланғыңыз келген кескін көзіне ауыстырыңыз.
- 2** Басқару тақтасында немесе қашықтықтан басқару пультіңдегі [Menu] түймесін басыңыз.
- 3** **Image** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.



- 4** **Auto Iris** функциясын таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.

- 5** Келесі опциялардың бірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз:



- **Normal** опциясы стандартты жарықтықты реттеуге арналған.
- **High Speed** опциясы сахна өзгерген сәттен жарықтықты реттеуге арналған.


- 6** Мәзірлерден шығу үшін [Menu] немесе [Esc] түймесін басыңыз.

Дыбыс түймелері проектордың сыртқы динамик жүйесін басқарады.

Сондай-ақ, проекторға жалғанған кез келген сыртқы динамиктердің дыбысын басқаруға болады.

Жалғанған әрбір кіріс көзі үшін дыбысты бөлек реттеуіңіз қажет.

- 1** Проекторды қосыңыз және презентацияны бастаңыз.
- 2** Дыбысты азайту немесе арттыру үшін, көрсетілгендей басқару панелінен немесе қашықтықтан басқару пультінен [Volume] түймелерін басыңыз.



Экранда дыбыс шкаласы пайда болады.

- 3** Дыбысты кіріс көзінің арнайы деңгейіне орнату үшін, проектордың **Settings** мәзіріндегі **Volume** параметрін таңдаңыз.

⚠ Абайболыңыз

Презентацияны жоғары дыбыс параметрінде бастамаңыз. Кенет қатты дыбыстар есту қабілетін жоғалтуға әкелуі мүмкін.

Қуатты өшірмей тұрып әрқашан дыбыс деңгейін төмендетіңіз, осылайша қуатты қосуға және дыбыс деңгейін біртіндеп арттыруға болады.

► Қатысты сілтемелер

- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - параметрлер мәзірі" [p.145](#)


Проектор функцияларын реттеу

Проектордың реттеу функцияларын пайдалану үшін осы бөлімдердегі нұсқауларды орындаңыз.

► Қатысты сілтемелер


- "Екі кескінді бір уақытта проекциялау" [p.71](#)
- "PC Free қолданбасы арқылы презентацияны проекциялау" [p.74](#)
- "Кескінді ойнатуды және дыбысты уақытша өшіру" [p.79](#)
- "Бейне әрекетін уақытша тоқтату" [p.80](#)
- "Кескіндерді үлкейту/кішірейту (E-Zoom)" [p.81](#)
- "Пайдаланушы логотипінің кескінің сақтау" [p.83](#)
- "Пайдаланушы үлгісін сақтау" [p.85](#)
- "Бірнеше проектордан проекциялау кезінде түс айырмашылығын түзету" [p.86](#)
- "Проектордың қауіпсіздік функциялары" [p.89](#)

Түрлі кескін көздерінен екі кескінді бір уақытта проекциялау үшін бөлінген экран функциясын пайдалануға болады. Қашықтан басқару пультің немесе проектор мәзірлерін пайдаланып бөлінген экран функциясын басқаруға болады.



- Бөлінген экран функциясын пайдалану барысында проектордың басқа функциялары қолжетімді болмай, басқа параметрлер екі кескінге де автоматты түрде қолданылуы мүмкін.

1 Қашықтан басқару пультіңде [Split] түймесін басыңыз.




Ағымдағы тандалған кіріс көзі экранның сол жағына жылжытылады.




Дәл осындай әрекеттерді проектордың **Settings** мәзіріндегі **Split Screen** параметрінен орындауға болады.

2 [Menu] түймесін басыңыз.

Мына экранды көресіз:



- 3** Басқа кескінге кіріс көзін таңдау үшін **Source** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз, кіріс көзін, содан кейін **Execute** опциясын таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.




- Біріктіруге болатын кіріс көздерін ғана таңдауға болады.
- Бөлінген экран функциясын пайдалану барысында қашықтықтан басқару пультіндегі кіріс көзін өзгерту кезінде **Source** экраны пайда болады.

- 4** Кескіндерді ауыстыру үшін **Swap Screens** опциясын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

Сол және оң жақта проекцияланған кескіндер ауыстырылады.



- 5** Бір кескінді кішірейту барысында басқа кескінді үлкейту үшін **Screen Size** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз, өлшемді таңдап, содан кейін [Enter] түймесін басыңыз. Мәзірден шығу үшін, [Menu] түймесін басыңыз.



Бейне кіріс сигналдарына байланысты, **Equal** параметрін таңдасаңыз да кескіндер бірдей өлшемде көрсетілмеуі мүмкін.

- 6** Аудионы таңдау үшін **Audio Source** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз, аудио опциясын таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз. Мәзірден шығу үшін, [Menu] түймесін басыңыз.



Ең үлкен немесе сол жақтағы экрандағы аудионы есту үшін **Auto** параметрін таңдаңыз.

- 7** Проекцияланған кескіндерді туралау үшін, **Align** функциясын таңдаңыз, [Enter] пәрменін басыңыз, параметрді таңдаңыз және [Enter] пәрменін қайта басыңыз. Мәзірден шығу үшін, [Menu] түймесін басыңыз.

- 8** Бөлінген экран функциясынан шығу үшін [Split] немесе [Esc] түймесін басыңыз.

► Қатысты сілтемелер

- "Бөлінген экранды проекциялауға арналған қолдау көрсетілмейтін кіріс көзінің құрамдасы" [p.73](#)
- "Бөлінген экранды проекциялау кезіндегі шектеулер" [p.73](#)
- "Функциялар тізімі" [p.11](#)

Бөлінген экранды проекциялауға арналған қолдау көрсетілмейтін кіріс көзінің құрамдасы

Келесі кіріс көздерін бөлінген экранда проекциялау мүмкін емес.

- Computer1 және Computer2
- Computer1/Computer2 және Video
- HDMI1/HDMI2 және Screen Mirroring
- HDMI1 және HDMI2
- USB Display және USB/LAN
- USB және LAN

► Қатысты сілтемелер

- "Функциялар тізімі" [p.11](#)

Бөлінген экранды проекциялау кезіндегі шектеулер

Жұмыс істеу шектеулері

Бөлінген экранды проекциялау кезінде келесі операцияларды орындауға болмайды.

- Проектор мәзірін орнату
- E-Zoom
- Аспект режимін қосу (аспект режимі **Normal** күйге орнатылған)
- Қашықтықтан басқару пультііндегі [User] түймесі арқылы орындалатын операциялар
- Auto Iris


Кескін шектеулері

- Проектордың **Image** мәзірінен **Brightness, Contrast, Color Saturation, Tint** және **Sharpness** сияқты реттеулер жасасаңыз, оларды тек сол жақтағы кескіндерге қолдануға болады. Әдепкі реттеулер оң жақтағы кескіндерге қолданылады. **Color Mode** және **Color Temp.** сияқты толық проекцияланған кескінге әсер ететін реттеулер сол жақ және оң жақтағы кескіндердің екеуіне де қолданылады.
- Проектордың **Image** мәзірінде **Noise Reduction** және **Deinterlacing** үшін реттеулер енгізген болсаңыз да, оң жақтағы кескін үшін **Noise Reduction** 0 мәніне және **Deinterlacing** параметрі **Off** мәніне орнатылады.
 - ☛ **Image > Image Enhancement > Noise Reduction**
 - ☛ **Image > Image Enhancement > Deinterlacing**
- **Display Background** параметрін проектордың **Extended** мәзіріндегі **Logo** мәніне орнатсаңыз да, ешқандай кескін сигналы шықпағанда көк экран пайда болады.

► Қатысты сілтемелер

- "Кескіннің пропорционалдық коэффициенті" [p.64](#)
- "Кескіннің сапасын реттеу (түс режимі)" [p.67](#)
- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - параметрлер мәзірі" [p.145](#)
- "Проекторды орнату параметрлері - Кеңейтілген мәзір" [p.148](#)
- "Кескін сапасының параметрлері - Кескін мәзірі" [p.141](#)
- "Кескіндерді үлкейту/кішірейту (E-Zoom)" [p.81](#)
- "Автоматты диафрагма функциясын орнату" [p.68](#)

Үйлесімді презентация файлдарын қамтитын USB құрылғысын жалғаған кезде проектордың PC Free функциясын пайдалануға болады. Бұл функция презентацияны жылдам әрі оңай көрсетуге және оны проектордың қашықтан басқару пульті арқылы басқаруға мүмкіндік береді.



► Қатысты сілтемелер

- "Қолдау көрсетілетін PC Free файл түрлері" [p.74](#)
- "PC Free арқылы проекциялау бойынша қауіпсіздік шаралары" [p.75](#)
- "PC Free слайд көрсетілімін бастау" [p.75](#)
- "PC Free фильм презентациясын бастау" [p.77](#)
- "PC Free көрсету опциялары" [p.78](#)
- "Функциялар тізімі" [p.11](#)

Қолдау көрсетілетін PC Free файл түрлері

Пректордың PC Free функциясын пайдаланып келесі файл түрлерін проекциялауға болады.



- Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін, FAT16/32 файл жүйесінде пішімделген мультимедиадағы файлдарды орнатыңыз.
- Windows емес файл жүйелері үшін пішімделген мультимедиадан проекциялау кезінде қиындық туындаса, орнына Windows мультимедиасын пішімдеп көріңіз.

Файл мазмұндары	Файл түрі (кеңейтім)	Толық мәліметтер
Кескін	.jpg	Файлдың төмендегілер қатарында емес екеніне көз жеткізіңіз: <ul style="list-style-type: none"> • СМҮК пішімі • Прогрессивті пішімдер • Қатты қысылған • Ажыратымдылығы шамамен 8192 × 8192
	.bmp	Файлдың төмендегілер қатарында емес екеніне көз жеткізіңіз: <ul style="list-style-type: none"> • Ажыратымдылығы шамамен 1280 × 800
	.gif	Файлдың төмендегілер қатарында емес екеніне көз жеткізіңіз: <ul style="list-style-type: none"> • Ажыратымдылығы шамамен 1280 × 800 • Анимацияланған • Айқастырылған
	.png	Файлдың төмендегілер қатарында емес екеніне көз жеткізіңіз: <ul style="list-style-type: none"> • Ажыратымдылығы шамамен 1280 × 800 * • Айқастырылған
Фильм	.avi (Motion JPEG)	AVI 1.0 пішіміне ғана қолдау көрсетеді. <p>Файлдың төмендегілер қатарында емес екеніне көз жеткізіңіз:</p> <ul style="list-style-type: none"> • PCM немесе ADPCM басқа аудио кодек арқылы сақталған • Ажыратымдылығы шамамен 1280 × 720 • 2 ГБ-тан үлкен

* Full HD ажыратымдылығына ие проекторды пайдаланған кезде, максималды ажыратымдылығы 1920 × 1080 болатын файлды проекциялай аласыз.

PC Free арқылы проекциялау бойынша қауіпсіздік шаралары

PC Free функцияларын пайдалану кезінде келесі қауіпсіздік шараларын ескеріңіз.

- PC Free мүмкіндіктері үшін USB кілті пайдаланылмайды.
- USB жады құрылғысына қатынасу барысында оны ажыратпаңыз, әйтпесе PC Free дұрыс жұмыс жасамауы мүмкін.
- Нақты USB жады құрылғыларында PC Free функцияларымен бірге қауіпсіздік функцияларын пайдалану мүмкіндігі болмауы ықтимал.
- Айнымалы ток адаптерін қамтитын USB құрылғысын жалғау кезінде, құрылғыны проектормен бірге пайдалану барысында айнымалы ток адаптерін электр розеткасына жалғаңыз.
- Кейбір сатылатын USB карта оқу құралдары проектормен үйлесімді болмауы мүмкін.
- Проектор бір уақытта картаны оқу құралына салынған 5 картаға дейін тани алады.
- PC Free қолданбасында проекциялау барысында трапеция тәрізді бұрмалауды түзете алмайсыз, сондықтан кескін пішінін презентацияны бастар алдында түзетіңіз.
- PC Free қолданбасында проекциялау барысында келесі функцияларды пайдалануға болады.
 - Freeze
 - A/V Mute
 - E-Zoom

» Қатысты сілтемелер

- "Бейне әрекетін уақытша тоқтату" [p.80](#)
- "Кескінді ойнатуды және дыбысты уақытша өшіру" [p.79](#)
- "Кескіндерді үлкейту/кішірейту (E-Zoom)" [p.81](#)

PC Free слайд көрсетілімін бастау

Проекторға USB құрылғысын жалғағаннан кейін USB кіріс көзіне ауыстырып, слайд көрсетілімін бастауға болады.



- Экранның төменгі жағында **Option** параметрін белгілеу және [Enter] түймесін басу арқылы PC Free операциясының опцияларын өзгертуге немесе арнайы әсерлерді қосуға болады.

- 1** Қашықтықтан басқару пультіндегі [USB] түймесін басыңыз. PC Free файл тізімінің экраны көрсетіледі.





- Select Drive экраны көрсетілсе, көрсеткісі бар түймелерді басыңыз және [Enter] түймесін басыңыз.
- Басқа USB жетегіндегі кескіндерді көрсету үшін, файл тізімі экранының жоғарғы жағында **Select Drive** опциясын бөлектеп, [Enter] түймесін басыңыз.

2 Файлдарды орналастыру үшін келесі әрекеттің бірін орындаңыз:

- Құрылғының қосалқы қалта ішіндегі файлдарды көрсету қажет болса, қалтаны бөлектеу үшін көрсеткісі бар түймелерді және [Enter] пернесін басыңыз.
- Құрылғыдағы қалта деңгейін артқа жылжыту үшін **Back to Top** опциясын бөлектеңіз және [Enter] түймесін басыңыз.

3 Келесі әрекеттің бірін орындаңыз:


- Жеке кескінді көрсету үшін, кескінді бөлектеу мақсатында көрсеткісі бар түймелерді және [Enter] пернесін басыңыз. (Файл тізімінің экранына оралу үшін, [Esc] түймесін басыңыз.)
- Қалтадағы барлық кескіндердің слайд көрсетілімін көрсету үшін, экранның төменгі жағындағы **Slideshow** опциясын бөлектеу мақсатында көрсеткісі бар түймелерді басыңыз және [Enter] түймесін басыңыз.



- Экранның төменгі жағында **Option** опциясын белгілеп және [Enter] түймесін басу арқылы кескіннің ауысу уақытын өзгертуге болады.
- Егер файл аттары дисплей аймағынан ұзын болса немесе қолдау көрсетілмейтін белгілерді қамтыса, файл аттары тек экран дисплейінде қысқартылуы немесе өзгертілуі мүмкін.

4 Проекциялау барысында дисплейді басқару үшін келесі пәрмендерді пайдаланыңыз:

- Көрсетілген кескінді бұру үшін, жоғары немесе төмен көрсеткісі бар түймені басыңыз.



- Келесі немесе алдыңғы кескінге жылжыту үшін, сол жақ немесе оң жақ көрсеткісі бар түймені басыңыз.

5 Көрсетілгенді тоқтату үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз немесе [Esc] түймесін басыңыз.

Файл тізімінің экранына ораласыз.

6 Қажет болса, USB құрылғысын өшіріңіз, содан кейін құрылғыны проектордан ажыратыңыз.

» Қатысты сілтемелер

- "PC Free көрсету опциялары" [p.78](#)
- "USB құрылғыға қосу" [p.36](#)

PC Free фильм презентациясын бастау

Проекторға USB құрылғысын жалғағаннан кейін USB кіріс көзіне ауысып, фильмді бастауға болады.



- Экранның төменгі жағында **Option** параметрін белгілеу және [Enter] түймесін басу арқылы PC Free операциясының опцияларын өзгертуге болады.

- 1** Қашықтықтан басқару пультіндегі [USB] түймесін басыңыз. PC Free файл тізімінің экраны көрсетіледі.



- Select Drive экраны көрсетілсе, көрсеткісі бар түймелерді басыңыз және [Enter] түймесін басыңыз.
- Басқа USB жетегіндегі фильмдерді көрсету үшін, файл тізімі экранының жоғарғы жағында **Select Drive** опциясын бөлектеп, [Enter] түймесін басыңыз.

- 2** Файлдарды орналастыру үшін келесі әрекеттің бірін орындаңыз:
 - Құрылғының қосалқы қалта ішіндегі файлдарды көрсету қажет болса, қалтаны бөлектеу үшін көрсеткісі бар түймелерді және [Enter] пернесін басыңыз.
 - Құрылғыдағы қалта деңгейін артқа жылжыту үшін **Back to Top** опциясын бөлектеңіз және [Enter] түймесін басыңыз.

- 3** Фильмді ойнату үшін, файлды бөлектеу мақсатында көрсеткісі бар түймелерді басыңыз және [Enter] түймесін басыңыз.



- Егер файл аттары дисплей аймағынан ұзын болса немесе қолдау көрсетілмейтін белгілерді қамтыса, файл аттары тек экран дисплейінде қысқартылуы немесе өзгертілуі мүмкін.
- Егер қалтадағы барлық фильмдерді ретімен ойнату қажет болса, экранның төменгі жағындағы **Slideshow** опциясын таңдаңыз.

- 4** Фильмнің ойнатылуын тоқтату үшін [Esc] түймесін басыңыз, **Exit** опциясын бөлектеп, [Enter] түймесін басыңыз. Файл тізімінің экранына ораласыз.


- 5** Қажет болса, USB құрылғысын өшіріңіз, содан кейін құрылғыны проектордан ажыратыңыз.

» Қатысты сілтемелер

- "PC Free көрсету опциялары" [p.78](#)
- "USB құрылғыға қосу" [p.36](#)

PC Free көрсету опциялары


PC Free пайдалану кезінде осы көрсету опцияларын пайдалануға болады. Осы экранға өту үшін, PC Free файл тізімі экранының төменгі жағындағы **Option** бөлектеп, [Enter] түймесін басыңыз.



Параметр	Опциялар	Сипаттама
Display Order	Name Order	Файлдарды атау реті бойынша көрсетеді
	Date Order	Файлдарды күн реті бойынша көрсетеді
Sort Order	In Ascending	Файлдарды біріншіден соңғыға дейін ретпен сұрыптайды
	In Descending	Файлдарды соңғыдан біріншіге дейін ретпен сұрыптайды
Continuous Play	On	Слайд көрсетілімін үздіксіз көрсетеді
	Off	Слайд көрсетілімін бір рет көрсетеді

Параметр	Опциялар	Сипаттама
Screen Switching Time	No	Келесі файлды автоматты түрде көрсетпейді
	1 секундтан 60 секундқа дейін	Файлдарды таңдалған уақыт бойынша көрсетеді және келесі файлға автоматты түрде ауыстырады; жоғары ажыратымдылық кескіндері сәл баяу жылдамдықта ауысуы мүмкін
Effect	No	Әсер жоқ
	Wipe	Кескіндердің тез алмасуы әсерін пайдаланушы кескіндер арасындағы ауысулар
	Dissolve	Кескіндердің бірқалыпты алмасуы әсерін пайдаланушы кескіндер арасындағы ауысулар
	Random	Кездейсоқ түрлі әсерлерді пайдаланушы кескіндер арасындағы ауысулар


Презентация кезінде тыңдаушылар назарын аударғыңыз келсе, проекцияланған кескінді немесе дыбысты уақытша өшіруге болады. Кез келген дыбыс немесе бейне әрекеті орындалуын жалғастырады, алайда проекциялауды тоқтаған жерден жалғастыра алмайсыз.



[A/V Mute] түймесі басылған уақытта компания логотипі немесе фотосурет сияқты кескіннің көрсетілуін қаласаңыз, проектордың **Extended** мәзіріндегі **A/V Mute** параметрінде көрсетілген экранды таңдауға болады.

☛ **Extended > Display > A/V Mute**

- 1** Проекциялауды уақытша тоқтатып және кез келген дыбысты өшіру үшін, қашықтықтан басқару пультііндегі [A/V Mute] түймесін басыңыз.



- 2** Кескінді және дыбысты қайта қосу үшін, [A/V Mute] түймесін қайта басыңыз.




- Сонымен қатар проектордағы A/V дыбысты өшіру ысырмасының иіңтірегін пайдаланып проекциялауды тоқтатуға болады.
- A/V Mute қосылғаннан кейін проектордың қуаты 30 минуттан кейін автоматты түрде өшеді. Бұл мүмкіндікті өшіруге болады.
☛ **ECO > A/V Mute Timer**
- A/V Mute барысында шам әлі де жанып тұрады, сондықтан шам сағаттары жинала береді.

» Қатысты сілтемелер

- "Проекторды орнату параметрлері - Кеңейтілген мәзір" [p.148](#)
- "Проекторды орнату параметрлері - ECO мәзірі" [p.165](#)


Бейне немесе компьютер презентациясындағы әрекетті уақытша тоқтатып, экранда ағымдағы кескінді ұстап тұруға болады. Кез келген дыбыс немесе бейне әрекеті орындалуын жалғастырады, алайда проекциялауды тоқтаған жерден жалғастыра алмайсыз.

- 1** Бейне әрекетін тоқтату үшін, қашықтықтан басқару пульгіндегі [Freeze] түймесін басыңыз.



- 2** Бейнені ойнату барысында қайта бастау үшін, [Freeze] түймесін қайта басыңыз.

Қашықтан басқару құрылғысындағы [E-Zoom] түймесін пайдалану арқылы проекцияланған кескінді үлкейтуге немесе кішірейтуге болады. Масштабталған кескін өлшемі мен күйі кіріс көзін ауыстырудан немесе проекторды өшіруден кейін де сақталады.



» Қатысты сілтемелер

- "Кескіндерді үлкейту" [p.81](#)
- "Кескіндерді кішірейту" [p.81](#)

- Үлкейтілген кескінді панорамалау үшін көрсеткісі бар түймелерді пайдаланыңыз.
- Кескінді кішірейту үшін [E-Zoom] – түймесін басыңыз.
- Бастапқы кескін өлшеміне қайтару үшін, [Default] түймесін басыңыз.




Кескіндерді Epson құжат камерасынан проекциялау кезінде, құжат камерасындағы [E-Zoom] + түймесін пайдалану арқылы кескінді сегіз есеге дейін 57 арттыру қадамымен үлкейтуге болады.

Масштабтау коэффициентінің дисплей жойылғанда, масштабталған кескіннің өлшемі мен күйі сақталады. Реттеулерді қайта жасау үшін, [E-Zoom] +/- түймелерін басыңыз.

Кескіндерді үлкейту

- 1** Қашықтықтан басқару пультіндегі [E-Zoom] + түймесін басыңыз.




Проекцияланған кескін кескіннің ортасынан бастап үлкейтіледі. Кескінді 25 арттыру қадамымен бірден төрт есеге дейін үлкейтуге болады.

- 2** Масштабтау коэффициенті көрсетілгенде, үлкейтілген кескінді реттеу үшін қашықтан басқару пультіндегі келесі түймелерді пайдаланыңыз:
 - Кескінді үлкейту үшін [E-Zoom] + түймесін бірнеше рет басыңыз.

Кескіндерді кішірейту

- 1** Қашықтықтан басқару пультіндегі [E-Zoom] - түймесін басыңыз.



Проекцияланған кескін кішірейеді. Кескінді арттыру қадамдарымен 100% - 50% аралығында кішірейтуге болады.

- 2** Масштабтау коэффициенті көрсетілгенде, кішірейтілген кескінді реттеу үшін қашықтан басқару пультіндегі келесі түймелерді пайдаланыңыз:
 - Проекцияланған кескінді кішірейту үшін, [E-Zoom] - түймесін қайталап басыңыз.

- Проекцияланған аймақтағы кішірейтілген кескінді жылжыту үшін, көрсеткі түймелерін пайдаланыңыз.
- Кескінді үлкейту үшін, [E-Zoom] + түймесін басыңыз.
- Бастапқы кескін өлшеміне қайтару үшін, [Default] түймесін басыңыз.



Кескінді Epson құжат камерасынан проекциялау кезінде, құжат камерасындағы [E-Zoom] - түймесін пайдалану арқылы кескінді кішірейтуге де болады.

Масштабтау коэффициентінің дисплей жойылғанда, масштабталған кескіннің өлшемі мен күйі сақталады. Реттеулерді қайта жасау үшін, [E-Zoom] +/- түймелерін басыңыз.

Проектордағы кескінді сақтап, оны проектор әрбір қосылған кезде көрсетуге болады. Сондай-ақ проектор кіріс сигналын қабылдамаған кезде, кескінді көрсетуге болады. Бұл кескін пайдаланушы логотипінің экраны деп аталады.


Сонымен қатар ұрлықты болдырмау мақсатында проектор иесін анықтауда пайдалы болатын пайдаланушы логотипі ретінде фотосурет, сызба немесе компания логотипін таңдауға болады. Құпия сөзбен қорғау орнату арқылы пайдаланушы логотипі өзгерістерінің алдын алуға болады.



- **Password Protection** параметрлер мәзіріндегі **User's Logo Protection** параметрі **On** күйіне орнатылса, пайдаланушы логотипін сақтаудан бұрын, **Off** күйіне орнатыңыз.
- Топтамалық орнату функциясы арқылы бір проектордан екіншісіне мәзір параметрлерін көшіргенде, пайдаланушы логотипі де көшіріледі. Бірнеше проекторлармен бөліскіңіз келмеген ақпаратты пайдаланушы логотипі ретінде тіркемеңіз.
- HDCP арқылы қорғалған мазмұнды сақтай алмайсыз.

1 Пайдаланушы логотипі ретінде проекциялағыңыз келген кескінді көрсетіңіз.

2 [Menu] түймесін басып, **Extended** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.



3 **User's Logo > Start Setting** тармағын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

Көрсетілген кескінді пайдаланушы логотипі ретінде пайдалану қажеттілігін сұрайтын хабарды көресіз.



User's Logo параметрі таңдалғанда Keystone, E-Zoom немесе Aspect сияқты параметрлер уақытша болдырылмайды.

4 **Yes** нұсқасын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

5 Көрсетілген кескінді тексеріп, оны пайдаланушы логотипі ретінде сақтау үшін, **Yes** күйін таңдаңыз.

Пайдаланушы логотипі қайта жазылады және аяқталуы жөнінде хабар көрсетіледі.

6 Хабар экранынан шығу үшін [Esc] түймесін басыңыз.

- 7** **Extended** мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.
- 8** **Display** параметрін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.
- 9** User's Logo экранын көрсету қажет болған жағдайда таңдаңыз:
 - Әрдайым кіріс сигналы болмаған кезде көрсету үшін **Display Background** параметрін таңдап, оны **Logo** күйіне орнатыңыз.
☛ **Extended > Display > Display Background**
 - Әрдайым проектор қосулы болған кезде көрсету үшін **Startup Screen** параметрін таңдап, оны **On** күйіне орнатыңыз.
☛ **Extended > Display > Startup Screen**
 - Әрдайым [A/V Mute] түймесін басқан кезде көрсету үшін **A/V Mute** функциясын таңдап, оны **Logo** күйіне орнатыңыз.
☛ **Extended > Display > A/V Mute**

Бірінші құпия сөзді енгізбестен кез келген біреудің User's Logo параметрлерін өзгертуін болдырмау үшін, **Password Protection** мәзірінде **User's Logo Protection** параметрін **On** күйіне орнатыңыз және құпия сөзді орнатыңыз.

» Қатысты сілтемелер

- "Кескінді ойнатуды және дыбысты уақытша өшіру" [p.79](#)
- "Құпия сөз қауіпсіздігінің түрлерін таңдау" [p.91](#)

Түзетілген сызықтар және координаталық торлар сияқты проекторда алдын ала тіркелген үлгілердің төрт түрі бар. **Pattern Display** параметрлерін пайдалану арқылы презентацияларға қолдау көрсету үшін осы үлгілерді проекциялауға болады.


Сондай-ақ, ағымдағы уақытта проекцияланып жатқан кескінді User Pattern ретінде де сақтауға болады.



User Pattern сақталғанда, үлгіні зауыттық әдепкі қалпына қайтару мүмкін болмайды.

1 User Pattern ретінде сақтау қажет кескінді проекциялап, басқару панеліндегі немесе қашықтықтан басқару пультіндегі [Menu] түймесін басыңыз.

2 Settings мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.



3 **Pattern > User Pattern** тармағын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз. Көрсетілген кескінді User Pattern ретінде пайдалану қажеттілігін сұрайтын хабарды көресіз.



- **User Pattern** параметрі таңдалғанда Keystone, E-Zoom немесе Aspect сияқты реттеулер уақытша болдырылмайды.
- HDCP технологиясымен қорғалған сандық кескіндерді User Pattern ретінде сақтау мүмкін емес.

4 Yes нұсқасын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз. Кескінді User Pattern ретінде сақтау қажеттілігін сұрайтын хабарды көресіз.

5 Yes нұсқасын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз. Орындалғаны туралы хабарды көресіз.

Кескіндерді проекциялау үшін бірнеше проекторды қосқан кезде әрбір проектор кескіндері сәйкес болатындай әрбір проектор кескінінің ашықтығы мен түс реңкін түзетуге болады.

Әр проектордың жеке жұмыс істеуі үшін оларға қашықтықтан басқару пульті арқылы бірегей проектор идентификаторын орнатыңыз, содан кейін әрбір проектордың жарықтығы мен түсін түзетіңіз.



- Кейбір жағдайларда ашықтық пен түс реңкі, тіпті, түзетуден кейін толығымен сәйкес келмеуі мүмкін.
- Ашықтық пен түс реңкінің айырмашылығы уақыт өткеннен кейін байқаларлықтай болса, реттеулерді қайталаңыз.

► Қатысты сілтемелер


- "Проектор идентификаторын орнату" [р.86](#)
- "Басқарғыңыз келген проекторды таңдау" [р.86](#)
- "Бірнеше проектордың көрсету сапасын сәйкестендіру" [р.87](#)

Проектор идентификаторын орнату

Қашықтықтан басқару пультінен бірнеше проекторды басқару үшін, әрбір проектор үшін бірегей идентификатор тағайындаңыз.

- 1** [Menu] түймесін басып, **Extended** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.
- 2** **Projector ID** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

- 3** Проектор үшін пайдаланатын идентификациялық нөмірді таңдау үшін көрсеткісі бар түймелерді пайдаланыңыз. Содан кейін [Enter] түймесін басыңыз.




- 4** Мәзірлерден шығу үшін [Menu] немесе [Esc] түймесін басыңыз.
- 5** Қашықтан басқару пультінен басқарғыңыз келген барлық басқа проекторлар үшін осы қадамдарды қайталаңыз.


Басқарғыңыз келген проекторды таңдау

Проектордың идентификаторын орнатқаннан кейін қашықтан басқару пульті арқылы жұмыс жасатқыңыз келген проектор идентификаторын таңдаңыз.


- 1** Қашықтықтан басқару пультінің мақсатты проекторға бағыттаңыз және [ID] түймесін басыңыз.



Ағымдағы проектор идентификаторы проекцияланған экранда көрсетіледі. Шамамен 3 секундтан кейін жоқ болады.



- 2** [ID] түймесін басып тұрғанда, жұмыс істегіңіз келген проектордың идентификаторына сәйкес келетін нөмір түймесін басыңыз.



Басқару қажет проектор таңдалды.




- Қашықтықтан басқару пультінен [0/All] мәнін таңдаған кезде, **Projector ID** параметріне қарамастан барлық проекторларды басқаруға болады.
- **Projector ID** параметрін **Off** күйіне орнатқан кезде, қашықтықтан басқару пультінен идентификаторға қарамастан қашықтықтан басқару пульті арқылы проекторды басқаруға болады.
- Проектор идентификаторы параметрі қашықтан басқару пультінен сақталған. Қашықтан басқару пультінен ауыстыру мақсатында алсаңыз да, сақталған идентификатор параметрі сақталады. Дегенмен, батареялар қашықтан басқару пультінен ұзақ уақытқа алынса, идентификатор бастапқы параметрге (0/All) оралады.
- Бір уақытта бірнеше қашықтан басқару пультінен пайдаланғанда, инфрақызыл сәулелердің кедергісі себебінен проекторларды арнайы мақсатында пайдалану мүмкін болмауы мүмкін.

Бірнеше проектордың көрсету сапасын сәйкестендіру

Бір-бірінің жанында тұрып проекциялайтын бірнеше проектордың көрсету сапасын сәйкестендіруге болады.

- 1** Көрсету сапасын сәйкестендіргіңіз келген барлық проекторларды қосыңыз.
- 2** Әрбір проекторға идентификатор нөмірлерін орнатыңыз.
- 3** Барлық проекторлардың бірдей Color Mode параметрін пайдаланатынына көз жеткізіңіз.

- 4 Бірінші проекторға сәйкес келу үшін қашықтықтан басқару пультінің идентификаторын таңдаңыз.
- 5 [Menu] түймесін басыңыз, **Image** мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.



- 6 Параметрлерді қажетінше таңдаңыз.
- 7 Келесі проекторға сәйкес келу үшін қашықтықтан басқару пультінің идентификаторын таңдаңыз, сосын проектордың дисплейлеріне сәйкес келу үшін Image мәзірінің реттеулерін қажетінше қайталаңыз.

Келесі қауіпсіздік функцияларын орнату арқылы ұрлықты және абайсыз пайдалануды болдырмау үшін проекторы қауіпсіздігін қамтамасыз ете аласыз:

- Құпия сөз қауіпсіздігі құпия сөзді білмейтін адамдардың проекторды пайдалануын болдырмауға және іске қосу экранында, басқа параметрлерде өзгерістерді болдырмауға арналған.
Бұл ұрлауға қарсы функция, өйткені тіпті ұрланса да, проекторды пайдалану мүмкін емес, проекторды пайдалана алатын адамды шектеуге болады.
- Түймені құлыптау қауіпсіздігі қашықтан басқару пультіндегі түймелерді пайдаланып проектордың жұмысын құлыптауға арналған.
Бұл проекциялау кезінде бүкіл түймелерді өшіру керек оқиғаларда немесе шоуларда я болмаса түймелерді пайдалануды шектеу керек мектептерде пайдалы.
- Кабельдік қауіпсіздік проекторды орнында бекітуге арналған.

» Қатысты сілтемелер

- "Құпия сөз қауіпсіздігінің түрлері" [p.89](#)
- "Проектор түймелерін құлыптау" [p.92](#)
- "Қауіпсіздік кабелін орнату" [p.93](#)

Құпия сөз қауіпсіздігінің түрлері

Бір ортақ құпия сөзді пайдаланып құпия сөз қауіпсіздігінің келесі түрлерін орнатуға болады:

- **Power On Protection** функциясы құпия сөзді алдын ала енгізусіз проекторды пайдаланудың алдын алады. Қуат сымын розеткаға қосып, бірінші рет проекторды қосқан уақытта дұрыс құпия сөз енгізуіңіз тиіс. Бұл, сондай-ақ, **Direct Power On** және **Auto Power On** үшін қолданылады.

- **User's Logo Protection** құпия сөзі проектор қосылған кезде, сигнал кірістірілмегенде немесе A/V Mute мүмкіндігін пайдаланған уақытта кез келген біреудің тұтынушы экранын өзгертуін болдырмайды. Тұтынушы экраны проектордың иесін анықтау арқылы ұрлыққа кедергі болады.
- **Network Protection** құпия сөзі кез келген біреудің проектордың **Network** параметрлерін өзгертуін болдырмайды.
- **Schedule Protection** құпия сөзі проектордың жоспар параметрлерінің өзгеруін болдырмайды.
- **Screen Mirroring Protec.** құпия сөзі әлдекімнің проектордағы экранды көшірмелеу параметрлерін өзгертуінен қорғайды.

» Қатысты сілтемелер

- "Құпия сөзді орнату" [p.89](#)
- "Құпия сөз қауіпсіздігінің түрлерін таңдау" [p.91](#)
- "Проекторды пайдалану үшін құпия сөзді енгізу" [p.91](#)
- "Функциялар тізімі" [p.11](#)


Құпия сөзді орнату

Проекторды алғаш рет пайдалану үшін, құпия сөзді орнатуыңыз керек.



Әдепкі бойынша ешқандай құпия сөз орнатылмайды. Құпия сөзді орнатуыңыз керек.

- 1** Басқару панеліндегі [Freeze] түймесін 5 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз.




Password Protection параметрінің мәзірін көресіз.



- Құпия сөз орнатылмаған болса, **Password Protection** параметрі мәзірін көрмес бұрын, құпия сөзді орнатуды сұрайтын экран көрсетіледі.
- Егер **Password Protection** параметрі белсендірілсе, **Password Protection** параметрінің мәзірін көрсету үшін дұрыс құпия сөз енгізу қажет.

- 2** Password параметрін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.




Change the password? хабары көрсетіледі.

- 3** Yes нұсқасын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.



No нұсқасы тандалса, Password Protection параметрінің мәзірі қайта көрсетіледі.

- 4** Қашықтан басқару пультііндегі [Num] түймесін басып тұрыңыз және төрт сандық құпия сөзді орнату үшін сандық түймелерді пайдаланыңыз.




Құпия сөз енгізілгеннен **** ретінде көрсетіледі. Төртінші санды енгізген кезде растау хабары көрсетіледі.

- 5** Құпия сөзді қайта енгізіңіз. **Password accepted** хабары көрсетіледі. Егер құпия сөзді дұрыс енгізсеңіз, құпия сөзді қайта енгізуді сұрайтын хабар көрсетіледі.
- 6** Мәзірге оралу үшін [Esc] түймесін басыңыз.
- 7** Құпия сөзді жазып алып, оны қауіпсіз жерде сақтаңыз.

Құпия сөз қауіпсіздігінің түрлерін таңдау

Құпия сөзді орнатқаннан кейін, пайдаланғыңыз келген құпия сөз қауіпсіздігінің түрлерін таңдауға мүмкіндік беретін осы мәзірді көресіз.



Осы мәзір көрсетілмесе, мәзір пайда болғанша қашықтықтан басқару пультінен [Freeze] түймесін 5 секунд бойы басып тұрыңыз.

- Проекторды рұқсатсыз пайдалануды болдырмау үшін, **On** күйін **Power On Protection** параметрі ретінде таңдаңыз.
- User's Logo экраны немесе қатысты дисплей параметрлеріндегі өзгерістерді болдырмау үшін, **User's Logo Protection** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
- Желі параметрлеріне өзгерістерді болдырмау үшін, **Network Protection** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
- Проектордың жоспар параметрлеріне өзгеріс енгізуді болдырмау үшін, **Schedule Protection** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.
- Проектордың экранды көшірмелеу параметрлеріне өзгеріс енгізуді болдырмау үшін, **Screen Mirroring Protec.** параметрін **On** күйі ретінде таңдаңыз.


Проекторға құпия сөзді қорғау жапсырмасын ұрлықтан қорғау қосымша шарасы ретінде бекітуге болады.




Қашықтан басқару пультіні қауіпсіз жерде сақтағаныңызға көз жеткізіңіз, оны жоғалтқан жағдайда құпия сөзді енгізу мүмкіндігі болмайды.

Проекторды пайдалану үшін құпия сөзді енгізу

Құпия сөз экраны көрсетілген кезде дұрыс құпия сөзді енгізіңіз.



- 1 Сандық түймелерді пайдаланып құпия сөзді енгізу барысында қашықтан басқару пультііндегі [Num] түймесін басып тұрыңыз.



Құпия сөз экраны жабылады.

- 2** Құпия сөз қате болса, әрекетті қайталау жөніндегі хабарды көресіз. Жалғастыру үшін дұрыс құпия сөзді енгізіңіз.

Назар аударыңыз


- Егер қатарынан үш рет дұрыс емес құпия сөз енгізілсе, **The projector's operation will be locked.** хабары шамамен 5 минут бойы көрсетіледі, содан кейін проектор күту режиміне ауысады. Егер осы орын алса, қуат ашасын розеткадан ажыратыңыз, қайта енгізіңіз және проекторды қайтадан қосыңыз. Проектор дұрыс құпия сөзді енгізу үшін құпия сөзді енгізу экранын қайтадан көрсетеді.
- Құпия сөзді ұмытып қалған болсаңыз, экранда пайда болатын " **Request Code: xxxxx**" нөмірін жазып алыңыз және көмек үшін Epson компаниясымен хабарласыңыз.
- Жоғарыдағы әрекетті қайталауды және қате құпия сөзді қатарынан 30 рет енгізуді жалғастырсаңыз, **The projector's operation will be locked. Contact Epson as described in your documentation.** хабары көрсетіледі және проектор ешқандай құпия сөз енгізулерін қабылдамайды. Epson компаниясына хабарласыңыз.

Проектор түймелерін құлыптау

Проектор қолданысын болдырмау үшін қашықтан басқару пультіндегі түймелерді құлыптауға болады. Проекторды әлі де қашықтан басқару құралын пайдаланып басқаруға болады.

- 1** Басқару тақтасында немесе қашықтықтан басқару пультіндегі [Menu] түймесін басыңыз.

- 2** Settings мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.



- 3** Lock Setting > Control Panel Lock тармағын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

- 4** Осы құлыптау түрлерінің бірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз:

- Проектордың барлық түймелерін құлыптау үшін **Full Lock** функциясын таңдаңыз.
- Қуат түймесінен басқа барлық түймелерді құлыптау үшін **Partial Lock** функциясын таңдаңыз.

Растау хабарын көресіз.

- 5** Yes нұсқасын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз. **Control Panel Lock** параметрі іске қосылады.

► Қатысты сілтемелер

- "Проектор түймелерін құлыптан босату" [p.93](#)

Проектор түймелерін құлыптан босату

Егер проектор түймелері құлыпталса, оларды құлыптан босату үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз.

- Басқару панеліндегі [Enter] түймесін 7 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз. Хабар көрсетіліп, құлып босатылады.
- Проектордың **Settings** мәзіріндегі **Control Panel Lock** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз.

☛ **Settings > Lock Setting > Control Panel Lock**

► Қатысты сілтемелер

- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - параметрлер мәзірі" [p.145](#)

Қауіпсіздік кабелін орнату

Ұрлықты болдырмау үшін проекторға қауіпсіздік кабельдерін орнатуға болады.


- Kensington Microsaver Security жүйесін бекіту үшін проектордағы қауіпсіздік ұясын пайдаланыңыз.



Microsaver Security жүйесі туралы қосымша мәліметтерді Kensington сайтынан алыңыз.

<https://www.kensington.com/>

- Проектордағы қауіпсіздік кабелін бекіту құрылғысын сым кабелін бекіту үшін пайдаланыңыз және оны бөлме құрылғысына немесе ауыр жиһазға бекітіңіз.



Сатып алуға болатын ұрлықты болдырмауға арналған серіппелі бекіткішті пайдалануға болады. Құлыптау туралы нұсқауларды сым құлыппен бірге қамтамасыз етілген құжаттамадан қараңыз.

Проекторды желіде пайдалану

Проекторды желіде пайдалану үшін осы бөлімдердегі нұсқауларды орындаңыз.

► Қатысты сілтемелер

- "Сымды желілік проекция" [p.95](#)
- "Сымсыз желілік проекция" [p.98](#)
- "Мобильді құрылғыдағы сымсыз желі проекциясы (Screen Mirroring)" [p.108](#)
- "Secure HTTP" [p.114](#)

Проекторға кескіндерді сымды желі арқылы жіберуге болады. Оны орындау үшін проекторды желіңізге қосыңыз, одан кейін проекторыңыз бен компьютеріңізді желілік проекция үшін реттеңіз.

Проекторды мына жерде көрсетілгендей жалғап, реттегеннен кейін, Epson iProjection бағдарламалық жасақтамасын келесі сайттан жүктеп алыңыз және орнатыңыз.

epson.sn/

Epson iProjection бағдарламалық жасақтамасы компьютерді желілік проекция үшін реттейді. Ол, сондай-ақ, пайдаланушы компьютерлерінің экрандарын желіде проекциялау арқылы интерактивті жиналыс жүргізуге мүмкіндік береді. Нұсқауларды алу үшін *Epson iProjection қолдану нұсқаулығын (Windows/Mac)* қараңыз.



Web Control Password орнатылмаған болса, желі параметрлерін сақтау алдында құпиясөзді орнатуды сұрайтын экран көрсетіледі. Құпия сөзді орнату үшін, экрандағы нұсқауларды орынданыз.

» Қатысты сілтемелер


- "Сымды желіге қосылу" [p.95](#)
- "Сымды желі параметрлерін таңдау" [p.95](#)
- "Функциялар тізімі" [p.11](#)

Сымды желіге қосылу

Проекторды сымды жергілікті аймақ желісіне (LAN) қосу үшін 100Base-TX немесе 10Base-T желі кабелін қолданыңыз. Деректердің дұрыс тасымалдануын қамтамасыз ету үшін 5 санатты немесе одан жақсы қорғалған кабельді қолданыңыз.

- 1** Желі кабелінің бір жақ шетін желіңіздің хабына, ауыстырып қосқышына немесе роутерге жалғаңыз.

- 2** Кабельдің басқа жақ шетін проекторыңыздың LAN портына жалғаңыз.



» Қатысты сілтемелер

- "Функциялар тізімі" [p.11](#)


Сымды желі параметрлерін таңдау

Желіңіздегі компьютерлерден проекциялау алдында проектордың желі параметрлерін таңдау қажет.




Проектордың сымды желіңізге LAN порты арқылы әлдеқашан жалғанғанына көз жеткізіңіз.

- 1** [Menu] түймесін басып, **Network** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.



- 2** **Network Configuration** мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

- 3** **Basic** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.



- 4** Негізгі опцияларды қажетінше таңдаңыз.

- **Projector Name** желіде проекторды анықтау үшін 16 әріптік-сандық таңбаға дейін атты енгізуге мүмкіндік береді.
- **PJLink Password** проекторды басқару үшін PJLink протоколын пайдалануға арналған 32 әріптік-сандық таңбаға дейін құпия сөзді енгізуге мүмкіндік береді.
- **Remote Password Basic Control** арқылы проекторға қатынасу үшін 8 әріптік-сандық таңбаға дейін құпия сөзді енгізуге мүмкіндік береді. (Пайдаланушы аты — EPSONREMOTE. Әдепкі бойынша ешқандай құпия сөз орнатылмайды.)
- **Web Control Password** интернет арқылы проекторға қатынасу үшін 8 әріптік-сандық таңбаға дейін құпия сөзді енгізуге мүмкіндік береді. (Пайдаланушы аты — EPSONWEB. Әдепкі бойынша ешқандай құпия сөз орнатылмайды.)
- **Moderator Password** сізге Epson iProjection бағдарламасы арқылы проекторға модератор ретінде қатынасу үшін төрт таңбалы саннан тұратын құпия сөзді енгізуге мүмкіндік береді. (Әдепкі бойынша ешқандай құпия сөз орнатылмайды.)
- **Projector Keyword** бөгде адамдардың проекторды қолданбау мақсатында қауіпсіздік құпия сөзін іске қосуға мүмкіндік береді. Проекторға қатынасу және ағымдағы экранмен бөлісу үшін Epson iProjection бағдарламасын пайдаланып, компьютерде көрсетілген кездейсоқ құпия сөзді енгізуіңіз қажет.
- Epson iProjection көмегімен проекторға қатынасқанда, **Display Keyword** функциясы проекцияланған кескінде проектор пернетақтасын көрсетіп, көрсетпеуді таңдауға мүмкіндік береді.
- **Display LAN Info.** параметрі сізге проектордың желі ақпаратына арналған көрсету пішімін орнатуға мүмкіндік береді.




Сандар мен әріптерді енгізу үшін көрсетілген пернетақтаны пайдаланыңыз. Таңбаларды бөлектеу үшін қашықтан басқару пульгіндегі көрсеткісі бар түймелерді басыңыз және оларды таңдау үшін [Enter] түймесін басыңыз.



Көрсетілген пернетақтадан қажетті сандарды бөлектеу үшін қашықтан басқару құрылғысындағы көрсеткі пернелерін басыңыз. Бөлектелген санды таңдау үшін [Enter] түймесін басыңыз.

5 Wired LAN мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.



6 Қажетінше желіңіз үшін IP параметрлерін тағайындаңыз.

- Желі мекенжайларды автоматты түрде тағайындайтын болса, **DHCP** параметрін **On** күйіне орнату үшін **IP Settings** параметрін таңдаңыз.
- Мекенжайларды қолмен орнату қажет болса, **DHCP** параметрін **Off** күйіне орнату үшін **IP Settings** опциясын таңдаңыз және проектордың **IP Address**, **Subnet Mask** және **Gateway Address** параметрлерін қажетінше енгізіңіз.
- Проекторды желіге IPv6 арқылы қосқыңыз келсе, **IPv6** параметрін **On** күйіне орнату үшін **IPv6 Settings** тармағын таңдаңыз, кейін қажетінше **Auto Configuration** және **Use Temporary Address** параметрлерін орнатыңыз.


7 IP мекенжайын LAN күту режимі экранында және басты экранда көрсетпеу үшін **IP Address Display** параметрін **Off** күйіне орнатыңыз.

8 Параметрлерді таңдап біткен соң, **Complete** функциясын таңдаңыз, параметрлерді сақтап, мәзірлерден шығу үшін экранда көрсетілген нұсқаулықтарды орындаңыз.



Web Control Password орнатылмаған болса, параметрлерді сақтау алдында құпиясөзді орнатуды сұрайтын экран көрсетіледі. Құпия сөзді орнату үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

9 Қашықтықтан басқару пульгіндегі [LAN] түймесін басыңыз. LAN күту режимінде дұрыс IP мекенжайы көрсетілгенде сымды желі параметрлерінің толық екендігін білдіреді.



Проекторға кескіндерді сымсыз желі арқылы жіберуге болады.

- Осылай жасау үшін, Epson 802.11b/g/n сымсыз жергілікті желі модулін орнату қажет, содан кейін компьютер мен проекторды сымсыз проекция үшін реттеңіз.
- Кейбір үлгілердің кірістірілген сымсыз жергілікті желі модульдері болады. Epson 802.11b/g/n сымсыз желі модулін орнату қажеттілігі жоқ.

Проектордың **Network** мәзірін пайдаланып байланысты қолмен теңшеу арқылы проекторды сымсыз желіге қосуға болады.

Сымсыз жергілікті желі модулін орнатып, проекторды баптағаннан кейін, қажетті желі бағдарламалық жасақтамасын жүктеп алыңыз және орнатыңыз. Сымсыз проекцияны реттеп және басқару үшін келесі бағдарламалық жасқатама мен құжаттаманы пайдаланыңыз.

- Epson iProjection (Windows/Mac) бағдарламалық жасақтамасы пайдаланушылардың компьютерлерінің экрандарын желіде проекциялау арқылы интерактивті жиналысты басқаруға мүмкіндік береді. Нұсқауларды алу үшін *Epson iProjection қолдану нұсқаулығын (Windows/Mac)* қараңыз.
- Epson iProjection (iOS/Android) қолданбасы iOS немесе Android құрылғыларынан проекциялау мүмкіндігін береді.
Epson iProjection қолданбасын App Store немесе Google Play сайтынан жүктеуге болады. App Store немесе Google Play дүкендеріне кірген кезде алынатын қандай да бір ақы үшін тұтынушы жауапты болады.
- Epson iProjection (Chromebook) қолданбасы Chromebook құрылғыларынан проекциялау мүмкіндігін береді.
Epson iProjection қолданбасын Chrome веб-дүкенінен жүктеуге болады. Chrome веб-дүкеніне кірген кезде алынатын қандай да бір ақы үшін тұтынушы жауапты болады.



Web Control Password орнатылмаған болса, желі параметрлерін сақтау алдында құпиясөзді орнатуды сұрайтын экран көрсетіледі. Құпия сөзді орнату үшін, экрандағы нұсқауларды орынданыз.

» Қатысты сілтемелер

- "Сымсыз жергілікті желі модулін орнату" [p.98](#)
- "Сымсыз желі параметрлерін қолмен таңдау" [p.99](#)
- "Windows ішіндегі сымсыз желі параметрлерін таңдау" [p.102](#)
- "Mac ішіндегі сымсыз желі параметрлерін таңдау" [p.102](#)
- "Сымсыз желі қауіпсіздігін орнату" [p.102](#)
- "Мобильді құрылғыны байланыстыру үшін QR кодын пайдалану" [p.105](#)
- "Windows компьютеріне қосылу үшін USB кілтін пайдалану" [p.106](#)
- "Функциялар тізімі" [p.11](#)


Сымсыз жергілікті желі модулін орнату

Проекторды сымсыз желі арқылы пайдалану үшін Epson 802.11b/g/n сымсыз LAN модулін орнатыңыз. Сымсыз жергілікті желі модулінің басқа түрін орнатпаңыз.


Назар аударыңыз

Индикаторы көк болып немесе жанып тұрған кезде не болмаса сымсыз проекциялау кезінде модульді ешқашан алып тастамаңыз. Ол модульдің зақымдалуына немесе деректердің жоғалуына әкелуі мүмкін.


- 1** Айқас бұрауышты пайдаланып сымсыз жергілікті желі модулін бекітетін бұранданы алыңыз.



- 2** Сымсыз жергілікті желі модулін USB-A портына қосыңыз.



- 3** Сымсыз жергілікті желі модулінің қаппағын бекітіп, бұрандамен бекемдеңіз.




» Қатысты сілтемелер

- "Функциялар тізімі" p.11


Сымсыз желі параметрлерін қолмен таңдау

Желіде проекциялау алдында проектордың желі параметрлерін таңдау қажет.

- 1 [Menu] түймесін басып, **Network** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.



- 2 **Wireless LAN Power** параметрі ретінде **On** таңдаңыз.
- 3 **Network Configuration** мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.
- 4 **Basic** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.




- 5 Негізгі опцияларды қажетінше таңдаңыз.
 - **Projector Name** желіде проекторды анықтау үшін 16 әріптік-сандық таңбаға дейін атты енгізуге мүмкіндік береді.
 - **PJLink Password** проекторды басқару үшін PJLink протоколын пайдалануға арналған 32 әріптік-сандық таңбаға дейін құпия сөзді енгізуге мүмкіндік береді.
 - **Remote Password Basic Control** арқылы проекторға қатынасу үшін 8 әріптік-сандық таңбаға дейін құпия сөзді енгізуге мүмкіндік береді. (Пайдаланушы аты — EPSONREMOTE. Әдепкі бойынша ешқандай құпия сөз орнатылмайды.)
 - **Web Control Password** интернет арқылы проекторға қатынасу үшін 8 әріптік-сандық таңбаға дейін құпия сөзді енгізуге мүмкіндік береді. (Пайдаланушы аты — EPSONWEB. Әдепкі бойынша ешқандай құпия сөз орнатылмайды.)
 - **Moderator Password** сізге Epson iProjection бағдарламасы арқылы проекторға модератор ретінде қатынасу үшін төрт таңбалы саннан тұратын құпия сөзді енгізуге мүмкіндік береді. (Әдепкі бойынша ешқандай құпия сөз орнатылмайды.)
 - **Projector Keyword** бөгде адамдардың проекторды қолданбау мақсатында қауіпсіздік құпия сөзін іске қосуға мүмкіндік береді. Проекторға қатынасу және ағымдағы экранмен бөлісу үшін Epson iProjection бағдарламасын пайдаланып, компьютерде көрсетілген кездейсоқ құпия сөзді енгізуіңіз қажет.
 - Epson iProjection көмегімен проекторға қатынасқанда, **Display Keyword** функциясы проекцияланған кескінде проектор пернетақтасын көрсетіп, көрсетпеуді таңдауға мүмкіндік береді.
 - **Display LAN Info.** параметрі сізге проектордың желі ақпаратына арналған көрсету пішімін орнатуға мүмкіндік береді.



Сандар мен әріптерді енгізу үшін көрсетілген пернетақтаны пайдаланыңыз. Таңбаларды бөлектеу үшін қашықтан басқару пульгіндегі көрсеткісі бар түймелерді басыңыз және оларды таңдау үшін [Enter] түймесін басыңыз.

6 Wireless LAN мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.



7 Connection Mode параметрін таңдаңыз.

- **Quick** сымсыз желілік қатынасу нүктесі арқылы бірнеше смартфон, планшет немесе компьютерге тікелей қосылуға мүмкіндік береді.
- **Advanced** сымсыз желілік қатынасу нүктесі арқылы смартфон, планшет немесе компьютерге қосылуға мүмкіндік береді.

8 Advanced қосылым режимін таңдаған болсаңыз, байланысу қажет қатынас нүктесін таңдау үшін Search Access Point параметрін таңдаңыз.



SSID мекенжайын қолмен тағайындау қажет болса, SSID мәнін енгізу үшін SSID таңдаңыз.

9 Advanced қосылым режимі үшін, желіге IP параметрлерін қажетінше тағайындаңыз.

- Желі мекенжайларды автоматты түрде тағайындайтын болса, DHCP параметрін On күйіне орнату үшін IP Settings параметрін таңдаңыз.
- Мекенжайларды қолмен орнату қажет болса, DHCP параметрін Off күйіне орнату үшін IP Settings опциясын таңдаңыз және проектордың IP Address, Subnet Mask және Gateway Address параметрлерін қажетінше енгізіңіз.
- Проекторды желіге IPv6 арқылы қосқыңыз келсе, IPv6 параметрін On күйіне орнату үшін IPv6 Settings тармағын таңдаңыз, кейін қажетінше Auto Configuration және Use Temporary Address параметрлерін орнатыңыз.


10 SSID немесе IP мекенжайының желілік күту экранында және Басты экранда көрсетуін болдырмау үшін SSID Display параметрін немесе IP Address Display параметрін Off күйіне орнатыңыз.

- 11** Параметрлерді таңдап біткен соң, **Complete** функциясын таңдаңыз, параметрлерді сақтап, мәзірлерден шығу үшін экранда көрсетілген нұсқаулықтарды орындаңыз.



Web Control Password орнатылмаған болса, параметрлерді сақтау алдында құпиясөзді орнатуды сұрайтын экран көрсетіледі. Құпия сөзді орнату үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

- 12** Қашықтықтан басқару пультіндегі [LAN] түймесін басыңыз. Жергілікті желінің күту режимінің экранында дұрыс IP мекенжайы көрсетілген уақытта сымсыз желіні орнату аяқталады.



Проектордың сымсыз параметрлерін орындауды аяқтаған кезде компьютердегі сымсыз желіні таңдау қажет. Сымсыз желі арқылы проекторға кескіндерді жіберу үшін, желінің бағдарламалық жасақтамасын іске қосыңыз.

Windows ішіндегі сымсыз желі параметрлерін таңдау

Проекторға жалғау алдында компьютердегі дұрыс сымсыз желіні таңдаңыз.

- 1** Сымсыз қызметтік бағдарламамен қатынасу үшін, Windows тапсырмалар құралындағы желі белгішесін басыңыз.
- 2** Advanced қосылым режимінде байланыстыру кезінде, проектордың қосылатын желісінің атауын (SSID) таңдаңыз.
- 3** Connect опциясын басыңыз.

Mac ішіндегі сымсыз желі параметрлерін таңдау

Проекторға жалғау алдында Mac ішіндегі дұрыс сымсыз желіні таңдаңыз.

- 1** Экранның жоғарғы жағындағы мәзір жолағындағы Wi-Fi белгішесін басыңыз.
- 2** Advanced қосылым режимінде байланыстыру кезінде, Wi-Fi портының қосулы екендігіне көз жеткізіңіз және проектордың қосылатын желісінің атауын (SSID) таңдаңыз.

Сымсыз желі қауіпсіздігін орнату

Сымсыз желіде пайдалану үшін проекторға қауіпсіздікті орнатуға болады. Желіде пайдаланылатын параметрлерге сәйкес келу үшін келесі қауіпсіздік опцияларының бірін орнатыңыз:

- WPA2-PSK қауіпсіздігі
- WPA3-PSK қауіпсіздігі *
- WPA2/WPA3-PSK қауіпсіздігі *
- WPA3-EAP қауіпсіздігі *
- WPA2/WPA3-EAP қауіпсіздігі *


* Тек Advanced қосылым режимі үшін қолжетімді.




Дұрыс ақпаратты енгізу бойынша нұсқау жөнінде желі әкімшісіне хабарласыңыз.

- 1** Егер сіз WPA3-EAP немесе WPA2/WPA3-EAP қауіпсіздігін орнатқыңыз келсе, сандық сертификат файлы проектордың тіркеуімен үйлесімді екендігіне және тікелей USB флеш дискіне салынғанына көз жеткізіңіз.
- 2** [Menu] түймесін басып, **Network** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.
- 3** **Network Configuration** мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

- 4** **Wireless LAN** мәзірін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.



- 5** **Security** параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.




- 6** Желі параметрлеріне сәйкес келу үшін қауіпсіздік параметрлерін таңдаңыз.

7 Таңдалған қауіпсіздік түріне байланысты келесі әрекеттердің бірін орындаңыз.

- **WPA3-PSK** немесе **WPA2/WPA3-PSK: Passphrase** өрісін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз және 8-63 таңбадан тұратын кілт сөзін енгізіңіз. 32 таңбадан көп енгізу үшін веб-браузеріңізді қолданыңыз. Содан кейін 16-қадамға өтіңіз.
- **WPA3-EAP** немесе **WPA2/WPA3-EAP: EAP Method** опциясын таңдап, [Enter] түймесін түртіңіз.

8 Аутентификация протоколын **EAP Type** параметрі ретінде таңдаңыз.



9 Сертификатыңызды импорттау үшін, сертификат түрін таңдап, [Enter] пернесін басыңыз.

- **PEAP-TLS** немесе **EAP-TLS** түрі үшін **Client Certificate** тармағын таңдаңыз
- Барлық EAP түрлері үшін **CA certificate**



Сонымен қатар сандық сертификаттарды веб шолғышыңыздан да тіркеуге болады. Тек бір рет тіркеу қажет, болмаса, сертификат дұрыс орнатылмауы мүмкін.

10 **Register** нұсқасын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.

11 USB жад құрылғысын проектордың USB-A портына қосу туралы экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

12 Сертификаттар тізімін көрсету үшін [Enter] тармағын таңдаңыз.

13 Импортталатын сертификатты көрсетілетін тізімді пайдаланып таңдаңыз.

Сертификат үшін құпия сөз енгізуді сұрайтын хабарлама көрсетіледі.


14 Құпия сөзді енгізіп, [Enter] түймесін басыңыз.

Сертификат импортталады және аяқталуы жөнінде хабар пайда болады.

15 Қажетінше EAP параметрлерін таңдаңыз.

- **User name** тармағы 64 дейін әріптік-сандық таңбаны енгізіп, пайдаланушы атын енгізуге мүмкіндік береді. 32 таңбадан көп енгізу үшін веб-браузеріңізді қолданыңыз. Клиент сертификатын импорттаған кезде сертификат арналып шығарылған атау автоматты орнатылады.
- **Password** параметрі **PEAP** немесе **EAP-FAST** түрін пайдаланған кезде, аутентификация үшін 64 әріптік-сандық таңбалы құпия сөзді енгізуге мүмкіндік береді. 32 таңбадан көп енгізу үшін веб-браузеріңізді қолданыңыз.
- **Verify Server Cert.** CA сертификаты орнатылған кезде, сервер сертификатының тексерілуін немесе тексерілмеуін таңдауға мүмкіндік береді.

- **RADIUS Serv.Name** тексеру үшін сервер атауын енгізуге мүмкіндік береді.



Мәліметтер	Сипаттама
Кенейтім	PFX, P12
Шифрлау	RSA
Хәштер	MD5/SHA-1/SHA-256/SHA-384/SHA-512
Кілт ұзындығы	512/1024/2048/4096 бит
Құпия сөз *	64 алфавиттік-сандық таңбаға дейін; міндетті

CA сертификаты (PEAP/PEAP-TLS/EAP-TLS/EAP-FAST)

Мәліметтер	Сипаттама
Пішім	X509v3
Кенейтім	DER/CER/PEM
Шифрлау	RSA
Хәштер	MD5/SHA-1/SHA-256/SHA-384/SHA-512
Кілт ұзындығы	512/1024/2048/4096 бит
Шифрлау	BASE64/Binary

* Құпиясөзді орнату үшін, 64 әріптік-сандық таңба пайдалануға болады. Дегенмен, 32-ден көп таңба енгізу үшін веб-браузеріңізді қолдануыңыз қажет болады.

16 Параметрлерді орнатып болған соң, **Complete** функциясын таңдаңыз және параметрлерді сақтап, мәзірлерден шығу үшін экранда көрсетілген нұсқаулықтарды орындаңыз.

► Қатысты сілтемелер

- "Қолдау көрсетілетін клиент және CA сертификаттары" [p.105](#)
- "Желілік мәзір - Сымсыз жергілікті желі мәзірі" [p.156](#)

Қолдау көрсетілетін клиент және CA сертификаттары

Сандық сертификаттардың келесі түрлерін тіркеуіңізге болады.

Клиент сертификаты (PEAP-TLS/EAP-TLS)

Мәліметтер	Сипаттама
Пішім	PKCS#12

Мобильді құрылғыны байланыстыру үшін QR кодын пайдалану

Проектор үшін сымсыз желі параметрін таңдағаннан кейін, экранда QR кодын көрсетуге және Epson iProjection (iOS/Android) бағдарламасы арқылы оны мобильді құрылғыға жалғау үшін пайдалануға болады.



- Құрылғыға Epson iProjection бағдарламасының ең соңғы нұсқасын орнатқаныңызға көз жеткізіңіз.
- Epson iProjection бағдарламасын App Store немесе Google play дүкендерінен тегін жүктеуге болады. App Store немесе Google Play дүкендеріне кірген кезде алынатын қандай да бір ақы үшін тұтынушы жауапты болады.
- Epson iProjection қолданбасын Quick режимінде пайдаланған кезде, қауіпсіздік параметрлерін орнатуды ұсынамыз.

- 1** Қашықтықтан басқару пультіндегі [LAN] түймесін басыңыз. QR коды проекцияланған бетте көрсетіледі.




- Егер QR кодын көрмесеніз, проектордың **Network** мәзіріндегі **Display LAN Info.** параметрін **Text & QR Code** мәніне орнатыңыз.
 - ☛ **Network > Network Configuration > Basic > Display LAN Info.**
- QR кодын жасыру үшін [Esc] түймесін басыңыз.
- QR коды жасырылған кезде, кодты көрсету үшін [Enter] түймесін басыңыз.

- 2** Мобильді құрылғыңызда Epson iProjection бағдарламасын іске қосыңыз.

- 3** Проекцияланған QR кодын проекторға жалғау үшін Epson iProjection бағдарламасымен оқыңыз.



QR кодын дұрыс оқу үшін, проекцияланған код мобильді құрылғының QR кодын оқу құралының бағыттауышына сәйкес келетіндей экранның тура алдында қарама-қарсы және жақын орналасқаныңызға көз жеткізіңіз. Экраннан тым алыс болсаңыз, кодты оқу мүмкін болмауы ықтимал.

Қосылым орнатылған кезде тармағынан **Contents** мәзірін тандап , одан кейін проекциялануы қажет файлды тандаңыз.

Windows компьютеріне қосылу үшін USB кілтін пайдалану

Проекторды сымсыз LAN қосылымына қолдау көрсететін Windows компьютеріне жылдам қосу үшін USB флеш дискін USB кілті етіп реттеуіңізге болады. USB кілтін жасағаннан кейін, кескіндерді желі проекторынан жылдам проекциялай аласыз.

- 1** Epson iProjection (Windows/Mac) бағдарламалық жасақтамасын пайдаланып, USB кілтін орнатыңыз.



Нұсқауларды алу үшін *Epson iProjection қолдану нұсқаулығын (Windows/Mac)* қараңыз.

- 2** Сымсыз желі модулінің проекторға орнатылғанына немесе кірістірілгеніне көз жеткізіңіз.

- 3** Проекторды қосыңыз.

- 4** Қашықтықтан басқару пультіндегі [LAN] түймесін басыңыз. Желілік күту экраны көрсетіледі. SSID және IP мекенжайы көрсетілгенін тексеріңіз.

- 5** USB кілтін жалғау үшін келесі әрекеттердің бірін орындаңыз.

- USB кілтін проектордың USB-A портына жалғаңыз. (Кіріктірілген сымсыз LAN модулі бар модельдер.)

- Проектордан сымсыз LAN модулін алып тастап, сымсыз LAN модулі үшін пайдаланылған портқа USB кілтін салыңыз. (Қосымша сымсыз LAN модулі орнатылған модельдер.)

Желі ақпараты жаңартылуының аяқталғаны туралы проекцияланатын хабарды көресіз.

6 USB кілтін алып тастаңыз.

Проекторға сымсыз желі модулі қажет болса, сымсыз желі модулін проекторға қайта салыңыз. (Қосымша сымсыз LAN модулі орнатылған модельдер.)

7 USB кілтін компьютердегі USB портына жалғаңыз.

8 Қажетті қолданбаны орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



- Егер Windows брандмауэрінің хабары көрсетілсе, брандмауэрді өшіру үшін **Иә** пәрменін басыңыз.
- Бағдарламалық жасақтаманы орнату үшін әкімші рұқсаты қажет.
- Егер автоматты түрде орнатылмаса, USB кілтіндегі **MPPLaunch.exe** түймесін екі рет басыңыз.

Бірнеше минуттан кейін, компьютер кескіні проектор арқылы көрсетіледі.

9 Сымсыз проекциялау аяқталғаннан кейін, Windows тапсырмалар құралындағы **Аппараттық құралды қауіпсіз шығарып алу** опциясын таңдап, содан кейін компьютерден USB кілтін алып тастаңыз.



Сымсыз жергілікті желі қосылымын қайта белсендіру үшін компьютерді қайта іске қосу қажет болуы мүмкін.

Miracast технологиясын пайдаланып проекторыңызға ноутбуктерден, смартфондардан және планшеттерден кескін жібере аласыз.

Егер құрылғы Miracast технологиясына қолдау көрсетсе, ешқандай қосымша бағдарламалық жасақтаманы орнату қажет емес. Windows компьютерін пайдаланған кезде Miracast қосылымы үшін тиісті адаптердің бар екендігіне көз жеткізіңіз.

Screen Mirroring функцияларын пайдалану кезінде келесі шектеулерді ескеріңіз.

- Қабаттасқан кескінді ойната алмайсыз.
- Бірнеше канал аудиосын 3к (3 канал) артық ойната алмайсыз.
- Ажыратымдылығы 1920 × 1080 жоғары және кадр жиілігі 30 кадр/с жоғары кескіндерді проекциялау мүмкін емес.
- 3D бейнесін ойнату мүмкін емес.
- Құрылғыңызға байланысты, Miracast қосылымымен авторлық құқықтары қорғалған мазмұндарды көре алмауыңыз мүмкін.
- Screen Mirroring проекциялауы барысында Screen Mirroring Settings параметрлерін ауыстырмаңыз. Олай істеу проекторды ажыратып, қайта қосылу үшін біраз уақыт кетуі мүмкін.

☛ Network > Screen Mirroring Settings

- Screen Mirroring проекциялауы барысында проекторды тікелей ажыратқыштан өшірмеңіз.



- Android немесе Windows 8.1 не одан кейінгі нұсқалар орнатылған мобильді құрылғылардың көбі Miracast технологиясына қолдау көрсетеді.
Miracast қолдау көрсетуі мобильді құрылғыға байланысты әртүрлі болады. (Толық мәлімет алу үшін мобильді құрылғы нұсқаулығын қараңыз.)
- **Web Control Password** орнатылмаған болса, желі параметрлерін сақтау алдында құпиясөзді орнатуды сұрайтын экран көрсетіледі. Құпия сөзді орнату үшін, экрандағы нұсқауларды орынданыз.

» Қатысты сілтемелер

- "Screen Mirroring параметрлерін таңдау" [p.108](#)
- "Miracast функциясы арқылы Экранның айналық көрінісі көмегімен қосу" [p.110](#)
- "Функциялар тізімі" [p.11](#)

Screen Mirroring параметрлерін таңдау


Проекторға мобильді құрылғыдағы кескіндерді проекциялау үшін, Screen Mirroring параметрлерін таңдау қажет.




Screen Mirroring Protec. құпия сөзін орнатсаңыз, алдымен **Screen Mirroring Protec.** құпия сөзін өшіріңіз.

1


[Menu] түймесін басып, **Network** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.




2 Screen Mirroring параметрін On етіп орнатыңыз.



3 Screen Mirroring Settings таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.



4 Display Name параметрін қажетінше реттеңіз.



5 Operation Mode параметрін таңдаңыз.

- **Basic** параметрі негізгі опциялармен қосылуға мүмкіндік береді.
- **Extended** параметрі кеңейтілген опциялармен қосылуға мүмкіндік береді.

6 Basic параметрін қажетінше таңдаңыз.

- **Wireless LAN Sys.** проектор қосылған сымсыз LAN түрін таңдауға мүмкіндік береді.
- **Adjust Image Quality** функциясы экранның айналық көрінісі жылдамдығын/сапасын реттеуге мүмкіндік береді. Сапаны жақсарту үшін кіші сан, ал жылдамдықты арттыру үшін үлкен санды таңдаңыз.
- **Connection Mode** қауіпсіздік түрін таңдау мүмкіндігін береді. Тек **Basic** жұмыс режимі үшін қолжетімді.

7 Extended жұмыс режимі үшін Extended параметрін таңдаңыз.

- **Meeting Mode** сізге кездесу түрін таңдауға мүмкіндік береді. Screen Mirroring проекциялауы барысында басқа мобильдік құрылғыға қосылу үшін **Interruptions OK** түймесін немесе тек бір құрылғыға ғана қосылу үшін **No Interruptions** түймесін басыңыз.

- **Channel** функциясы пайдаланатын сымсыз арнаны таңдайды.

8 Display параметрін қажетінше таңдаңыз.

- **Display PIN Code** Screen Mirroring көрінісінен басқа кіріс көздерін проекциялау барысында проекцияланған кескіндегі PIN кодын көрсетуге мүмкіндік береді.
- **Display Device Name** Screen Mirroring көрінісінен басқа кіріс көздерін проекциялау барысында проекцияланған кескіндегі жаңадан қосылған құрылғы атауын көрсетуге мүмкіндік береді.

9 Параметрлерді таңдап біткен соң, **Set** түймесін таңдаңыз, параметрлерді сақтап, мәзірлерден шығу үшін экранда көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.



Web Control Password орнатылмаған болса, параметрлерді сақтау алдында құпиясөзді орнатуды сұрайтын экран көрсетіледі. Құпия сөзді орнату үшін, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

10 Қашықтан басқару пультінде [Home] түймесін басыңыз. Басты экранда Display Name көрсетілген кезде параметрлерді орнату аяқталады.

Miracast функциясы арқылы Экранның айналық көрінісі көмегімен қосу

Екі жағын да тазалау үшін ауа сүзгісін шығарып алуыңызға да болады. Ауа сүзгісін суға батырмаңыз немесе оны тазалау үшін түрлі жуғыш құралдарды немесе ерітінділерді пайдаланбаңыз.

Назар аударыңыз

Қысымдалған ауа баллонын пайдаланбаңыз. Газ өртенгіш тұнба қалдыруы мүмкін немесе шаң мен қоқысты проектордың оптикасына немесе басқа да аймақтарына үрлеп тастауы мүмкін.

3 Егер шаңды тазалау өте қиын болса немесе ауа сүзгісі зақымдалған болса, ауа сүзгісін ауыстырыңыз.

Ауа сүзгісін ауыстыру


Ауа сүзгісін төмендегідей жағдайларда ауыстыра аласыз:

- Ауа сүзгісін тазалау үшін, оны тазалау немесе ауыстыру қажеттігі туралы хабарлама пайда болады.
- Ауа сүзгісі тозған немесе зақымдалған.


Ауа сүзгісін проектор төбеге орнатылса да немесе үстел үстіне қойылса да ауыстыра аласыз.

1 Проекторды өшіріп, қуат сымын ажыратыңыз.

2 Ауа сүзгісінің қақпағын ашыңыз.




3 Проектордан ауа сүзгісін тартып шығарыңыз.



Пайдаланылған ауа сүзгілерін жергілікті заң талаптарына сай жойыңыз.

- Сүзгі жақтауы: ABS
- Сүзгі: Полиуретан көбігі

- 4** Проекторға ауа сүзгісін суретте көрсетілгендей орнатыңыз және ол орнына нық орнатылғанша ақырын итеріңіз.



- 5** Ауа сүзгісінің қақпағын жабыңыз.

» Қатысты сілтемелер

- "Ауыстыру бөлшектері" [p.208](#)

Проектор шамның пайдаланылған уақытын бақылайды және проектордың мәзір жүйесінде осы ақпаратты көрсетеді.

Төмендегі жағдайлар пайда болғанда шамды барынша тезірек ауыстырыңыз:

- Проекцияланған кескін қараңғылана түссе немесе сапасы нашарласа
- Проекторды қосқан уақытта шамды ауыстыру туралы хабар көрсетіледі (шамды пайдалану мерзімінің болжалды соңынан 100 сағат бұрын хабар көрсетіледі және 30 секундқа пайда болады)



- Проектордың қуат индикаторы көк түспен жыпылықтайды және оның шам индикаторы қызғылт сары түспен жыпылықтайды.

Назар аударыңыз

- Егер ауыстыру кезеңі өткеннен кейін шамның пайдалануын жалғастырсаңыз, шамның жарылу ықтималдығы артады. Шамды ауыстыру туралы хабар пайда болса, тіпті әлі жұмыс істеп тұрса да шамды жаңасымен мүмкіндігінше тез ауыстырыңыз.
- Қуатты жиі өшіріп, қайта қоспаңыз. Қуатты жиі қосу және өшіру шамның жұмыс мерзімін қысқартуы мүмкін.
- Шамның сипаттамаларына және оны пайдалану жолына байланысты шам туралы ескерту хабары пайда болмай тұрып шам күңгірттеу болуы мүмкін. Қажет болған жағдайда әрқашан сақтық шам дайын болуы керек.
- Epson компаниясының түпнұсқалы ауыстыру шамдарын пайдалануды ұсынамыз. Түпнұсқалы емес шамдарды пайдалану проекциялау сапасына және қауіпсіздікке әсер етуі мүмкін. Түпнұсқалы емес шамдарды пайдаланудан туындаған кез келген зақым немесе дұрыс емес жұмыс Epson кепілдігі тарапынан қамтылмайды.

» Қатысты сілтемелер

- "Шамды ауыстыру" [p.183](#)
- "Шам таймерін қалпына келтіру" [p.186](#)
- "Проектор сипаттамалары" [p.219](#)
- "Проектор индикаторының күйі" [p.190](#)

Шамды ауыстыру

Проектор үстелде орналасқан немесе төбеге орнатылған жағдайда да шамын ауыстыра аласыз.

Ескерту

- Жарақаттанбау үшін шамды ауыстырмас бұрын толықтай сууына мүмкіндік беріңіз.
- Шамды ешқашан бөлшектемеңіз немесе өзгеріс енгізбеңіз. Егер проекторға өзгертілген немесе бөлшектелген шам орнатылса, бұл өрттің шығуына, тоқтың соғуына немесе басқа да зақым немесе жарақатқа себеп болуы мүмкін.


1 Проекторды өшіріп, қуат сымын ажыратыңыз.

2 Проектор шамын суыту үшін кемінде бір сағат күтіңіз.


3 Бұрандалармен ұстатылған шам қақпағын босату үшін, ауыстыру шамымен бірге берілетін бұрауышты пайдаланыңыз.

Ескерту


Шамды ауыстыру кезінде, шам сынып кетуі мүмкін. Егер төбеде орнатылған проектордың шамын ауыстырып жатсаңыз, әрқашан шам сынған деп санау керек және шам қақпағының астында емес, жанында тұру керек. Шам қақпағын жайлап алыңыз. Шам қақпағын алғанда сақ болыңыз, өйткені шыны сынықтары түсіп, жарақат тудыруы мүмкін. Егер шыны сынықтары көзіңізге немесе аузыңызға түссе, дәрігерге дереу хабарласыңыз.




4 Шам қақпағын сырғытып, көтеріп шығарыңыз.



6 Шамның көтерілген бөлімін ұстап, алып тастаңыз.




5 Шамды проекторға жалғап тұрған бұрандаларды босатыңыз. Бұрандалар толығымен шықпайды.



- Шамды шығару кезінде шамның шытынағанын байқасаңыз, Epson компаниясына хабарласыңыз.
- Бұл өнімдегі шам(дар) құрамында сынап (Hg) бар. Жою немесе қайта өңдеу туралы мәлімет алу үшін жергілікті заң және ережелер талаптарын қараңыз. Қоқысқа тастамаңыз.


- 7** Жаңа шамды проекторға ақырындап енгізіңіз. Егер ол оңайлықпен орнатылмаса, дұрыс орнатып жатқаныңызға көз жеткізіңіз.




Назар аударыңыз

Шамның уақытынан бұрын зақымдалуына жол бермеу үшін шам жинағындағы әйнекті ұстамаңыз.

- 8** Шамды нықтап итеріп тұрып, бұрандаларды бекемдеңіз.



- 9** Шам қақпағын ауыстырып, бұрандаларды бекемдеңіз.



- Шам қақпағының дұрыс орнатылғанына немесе шамның жанатынына көз жеткізіңіз.
- Шам қақпағын шамадан тыс күшпен ауыстырмаңыз және шам қақпағының бүлінбегеніне көз жеткізіңіз.

Жаңа шамның қолданысын бақылау үшін шам таймерін нөлдік мәнге келтіріңіз.

» Қатысты сілтемелер

- "Ауыстыру бөлшектері" [p.208](#)


Шам таймерін қалпына келтіру

Шамды ауыстыру туралы хабарламаны жою үшін және шамның дұрыс қолданылатынын бақылау үшін, проектор шамын ауыстырғаннан кейін шам таймерін қалпына келтіруіңіз қажет.



Дұрыс емес шам қолданысы туралы ақпараттың алдын алу үшін шам ауыстырылмаса, шам таймерін қалпына келтірмеңіз.

- 1 Проекторды қосыңыз.
- 2 [Menu] түймесін басып, **Reset** мәзірін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.
- 3 **Reset Lamp Hours** параметрін таңдаңыз және [Enter] түймесін басыңыз.



Шам сағаттарын қалпына келтіру қажеттігі туралы сөзкөмек пайда болады.

- 4 Yes нұсқасын таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.
- 5 Мәзірлерден шығу үшін [Menu] немесе [Esc] түймесін басыңыз.

Мәселелердің шешімін табу

Проекторды пайдалану кезінде мәселелер туындаса осы бөлімдердегі шешімдерді тексеріңіз.

► Қатысты сілтемелер

- "Проектор ақаулықтары" [p.189](#)
- "Проектор индикаторының күйі" [p.190](#)
- "Проектордың анықтамалық дисплейлерін қолдану" [p.193](#)
- "Кескін немесе дауыс мәселелерін шешу" [p.194](#)
- "Проектор немесе қашықтықтан басқару пульті жұмысының ақаулықтарын шешу" [p.201](#)
- "Желілік ақаулықтарды шешу" [p.203](#)

Егер проектор дұрыс істемесе, өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз, содан кейін қуат көзіне жалғап, қосыңыз.

Егер мәселе онымен шешілмесе, төмендегілерді тексеріңіз:


- Проектордағы индикаторлар ақаулықтарды көрсетуі мүмкін.
- Проектордың анықтамалық жүйесі жалпы мәселелер туралы ақпарат бере алады.
- Бұл нұсқаулықта берілген шешімдер көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Егер бұл шешімдердің ешқайсысы көмектеспесе, Epson техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.


Проектордағы индикаторлар проектор күйін білдіреді және мәселе туындаған жағдайда сізді хабардар етеді. Күй мен индикаторлардың түсін тексеріңіз және шешім үшін осы кестені қараңыз.



- Егер индикаторлар төмендегі кестеде жоқ үлгіні көрсетсе, проекторды өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз және Epson компаниясынан анықтама алыңыз.



EB-E20/EB-E10/EB-E01/EB-E500





- 1 Қуат көрсеткіші
- 2 Күй көрсеткіші
- 3 Сымсыз жергілікті желі индикаторы

- 4 Шам көрсеткіші
- 5 Температура (температура) индикаторы

Проектор күйі

Индикатор және күй	Мәселе және шешімдер
Қуат: Көк түс жанады Күйі: Көк түс жанады Шам: Өшірулі Температура: Өшірулі	Қалыпты жұмыс.
Қуат: Көк түс жанады Күйі: Көк түс жыпылықтайды Шам: Өшірулі Температура: Өшірулі	Қыздыру, өшіру немесе салқындату. Кескіннің пайда болуын 30 секундтай күтіңіз. Қыздыру, өшіру және салқындату кезінде, барлық түймелер өшіріледі.
Қуат: Көк түс жанады Күйі: Өшірулі Шам: Өшірулі Температура: Өшірулі	Күту, ұйқы режимі немесе бақылау. Қуат түймесін басқан кезде проекциялау басталады.
Қуат: Көк түс жыпылықтайды Күйі: Өшірулі Шам: Өшірулі Температура: Өшірулі	Бақылауға дайындалуда және барлық мүмкіндіктер өшірулі.

Индикатор және күй	Мәселе және шешімдер
<p>Қуат: Көк түс жыпылықтайды</p> <p>Күйі: Индикатор күйі түрленеді</p> <p>Шам: Индикатор күйі түрленеді</p> <p>Температура: Қызғылт сары түс жыпылықтайды</p>	<p>Проектор өте ыстық.</p> <ul style="list-style-type: none"> Желдеткіштер мен ауа сүзгісі шаңмен бітеліп қалмағанын немесе қасындағы заттармен бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Ауа сүзгісін тазалаңыз немесе ауыстырыңыз. Қоршаған орта температурасы өте ыстық еместігіне көз жеткізіңіз.
<p>Қуат: Өшірулі</p> <p>Күйі: Көк түс жыпылықтайды</p> <p>Шам: Өшірулі</p> <p>Температура: Қызғылт сары жанады</p>	<p>Проектор қызып кетіп, өшіп қалды. Суыту үшін 5 минуттай өшулі күйде тұруы қажет.</p> <ul style="list-style-type: none"> Желдеткіштер мен ауа сүзгісі шаңмен бітеліп қалмағанын немесе қасындағы заттармен бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қоршаған орта температурасы өте ыстық еместігіне көз жеткізіңіз. Ауа сүзгісін тазалаңыз немесе ауыстырыңыз. Проектор жоғары биіктікте жұмыс істесе, проектордың мәзіріндегі High Altitude Mode параметрін On күйіне орнатыңыз.  Extended > Operation > High Altitude Mode Егер мәселе шешімін таппаса, проекторды қуат көзінен ажыратып, Epson компаниясына хабарласыңыз.

Индикатор және күй	Мәселе және шешімдер
<p>Қуат: Өшірулі</p> <p>Күйі: Көк түс жыпылықтайды</p> <p>Шам: Қызғылт сары түс жанады</p> <p>Температура: Өшірулі</p>	<p>Шамда ақаулық бар.</p> <ul style="list-style-type: none"> Шамның күйіп кетпегенін, сынып қалмағанын немесе қате орнатылмағанын тексеріңіз. Шамды тиісті түрде қайта орнатыңыз немесе ауыстырыңыз. Ауа сүзгісін тазалаңыз. Проектор жоғары биіктікте жұмыс істесе, проектордың мәзіріндегі High Altitude Mode параметрін On күйіне орнатыңыз.  Extended > Operation > High Altitude Mode Егер мәселе шешімін таппаса, проекторды қуат көзінен ажыратып, Epson компаниясына хабарласыңыз. <p>Шам қақпағында ақаулық бар.</p> <ul style="list-style-type: none"> Шам және шам қақпағы берік орнатылғанын тексеріңіз. Шам және шам қақпағы дұрыс орнатылмаған болса, шам жанбайды.
<p>Қуат: Көк түс жыпылықтайды</p> <p>Күйі: Индикатор күйі түрленеді</p> <p>Шам: Қызғылт сары түс жыпылықтайды</p> <p>Температура: Индикатор күйі түрленеді</p>	<p>Зақымдалмас үшін шамды барынша тезірек ауыстырыңыз. Проекторды ары қарай қолданбаңыз.</p>
<p>Қуат: Өшірулі</p> <p>Күйі: Көк түс жыпылықтайды</p> <p>Шам: Өшірулі</p> <p>Температура: Қызғылт сары түс жыпылықтайды</p>	<p>Желдеткіш немесе датчикте ақаулық бар.</p> <p>Проекторды өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз және Epson компаниясына хабарласыңыз.</p>

Индикатор және күй	Мәселе және шешімдер
Қуат: Өшірулі Күйі: Көк түс жыпылықтайды Шам: Қызғылт сары түс жыпылықтайды Температура: Өшірулі	Проектордың ішкі қатесі. Проекторды өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз және Erson компаниясына хабарласыңыз.
Қуат: Өшірулі Күйі: Көк түс жыпылықтайды Шам: Қызғылт сары түс жыпылықтайды Температура: Қызғылт сары түс жыпылықтайды	Автодиафрагма қатесі. Проекторды өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз және Erson компаниясына хабарласыңыз.
Қуат: Өшірулі Күйі: Көк түс жыпылықтайды Шам: Қызғылт сары түс жанады Температура: Қызғылт сары жанады	Қуаттағы қате (балласт). Проекторды өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз және Erson компаниясына хабарласыңыз.

Сымсыз жергілікті желі күйі

Сымсыз жергілікті желі индикаторының күйі	Мәселе және шешімдер
Көк түстің жануы	Сымсыз желі қолжетімді.
Көк түстің жыпылықтауы (жылдам)	Құрылғыға қосу.


Сымсыз жергілікті желі индикаторының күйі	Мәселе және шешімдер
Көк түстің жыпылықтауы (баяу)	Қате орын алды. Проекторды өшіріп, қайта қосыңыз.
Өшірулі	Сымсыз жергілікті желі қолжетімді емес. Сымсыз жергілікті желінің параметрлері дұрыс екеніне көз жеткізіңіз.

» Қатысты сілтемелер


- "Ауа сүзгісі мен желдеткіштерді тазалау" [p.180](#)
- "Ауа сүзгісін ауыстыру" [p.180](#)
- "Шамды ауыстыру" [p.183](#)
- "Функциялар тізімі" [p.11](#)

Проектордың анықтамалық жүйесінің көмегімен жалпы мәселелердің шешімін табу үшін ақпаратты көрсете аласыз.

- 1 Проекторды қосыңыз.
- 2 Басқару панелінде немесе қашықтықтан басқару пультіндегі [Home] түймесін басыңыз.




- 3 Home Screen **Help** опциясын таңдаңыз.



Анықтама мәзірі көрсетіледі.

- 4 Шешімін тапқыңыз келген мәселені белгілеу үшін жоғарғы және төменгі түймелерді пайдаланыңыз.



- 5 Шешімдерді табу үшін [Enter] түймесін басыңыз.
- 6 Аяқтаған кезде төмендегі әрекеттердің бірін орындаңыз.
 - Басқа мәселенің шешімін табу үшін, [Esc] түймесін басыңыз.
 - Анықтамалық жүйеден шығу үшін, [Menu] түймесін басыңыз.

Проекцияланған кескіндерде немесе дауыста мәселелер туындаса осы бөлімдердегі шешімдерді тексеріңіз.

» Қатысты сілтемелер

- "Кескін пайда болмаған жағдайдағы шешімдер" [p.194](#)
- "USB Display функциясы пайдаланылғандағы кескіннің дұрыс болмаған кезіндегі шешімдері" [p.195](#)
- ""No Signal" хабарламасы пайда болған кездегі шешімдер" [p.195](#)
- ""Not supported" хабарламасы пайда болған кездегі шешімдер" [p.196](#)
- "Тек ішінара кескін пайда болған кездегі шешімдер" [p.196](#)
- "Кескін тік төртбұрышты болмаған жағдайдағы шешімдер" [p.197](#)
- "Кескіннің шуылы немесе кедергілері болған кездегі шешімдер" [p.197](#)
- "Кескін анық емес немесе бұлыңғыр болған кездегі шешімдер" [p.198](#)
- "Кескіннің жарықтығы немесе түстері дұрыс емес кездегі шешімдер" [p.199](#)
- "Дауыстық ақаулықтар шешімі" [p.199](#)
- "Кескін файлының аттары PC Free ішінде дұрыс көрсетілмеген кездегі шешімдер" [p.200](#)

Кескін пайда болмаған жағдайдағы шешімдер

Кескін пайда болмаса, төмендегі шешімдерді пайдаланып көріңіз:

- Объектив қақпағы толығымен ашық екендігіне көз жеткізіңіз.
- Кескіннің уақытша өшірілгенін тексеру үшін қашықтықтан басқару пультііндегі [A/V Mute] түймесін басыңыз.
- Тиісті кабельдердің барлығы дұрыс орнатылғанына және проектор мен жалғанған бейне көздері қуатқа қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Күту немесе ұйқы режимінен шығару үшін проектор қуатының түймесін басыңыз. Сонымен қатар, жалғанған компьютер ұйқы режимінде немесе бас экран сақтағышын көрсетіп тұрмағанын тексеріңіз.

- Басқару панелінің түймелерін басқан кезде проекторда ешқандай өзгеріс болмаса, түймелер қауіпсіздік мақсатында құлыптаулы күйде болуы мүмкін. **Control Panel Lock** параметрінің түймелерін құлыптан босатыңыз немесе проекторды қосу үшін қашықтықтан басқару пультіін пайдаланыңыз.

☛ **Settings > Lock Setting > Control Panel Lock**

- Проектордың **Image** мәзірінде **Brightness** параметрін реттеңіз.
- **High** немесе **Medium** күйін **Power Consumption** параметрі ретінде таңдаңыз.
☛ **ECO > Power Consumption**
- **Messages** параметрінің **On** күйіне орнатылғанына көз жеткізу үшін проектордың **Extended** мәзіріндегі **Display** параметрін тексеріңіз.
- Компьютерде ойнатылып жатқан авторлық құқығы бар бейнелерді проектор көрсете алмауы мүмкін. Толық мәлімет алу үшін, компьютермен бірге берілетін нұсқаулықты оқыңыз.
- Windows Media Center арқылы проекцияланған кескіндер үшін, экран көлемін толық экран режимінен кішірейтіңіз.
- Windows DirectX көмегімен қолданбалар арқылы проекцияланған кескіндер үшін DirectX функцияларын қосыңыз.

» Қатысты сілтемелер

- "Енгізу сигналының параметрлері - сигнал мәзірі" [p.143](#)
- "Кескін сапасының параметрлері - Кескін мәзірі" [p.141](#)
- "Проекторды орнату параметрлері - ECO мәзірі" [p.165](#)
- "Проекторды орнату параметрлері - Кеңейтілген мәзір" [p.148](#)
- "Проектор түймелерін құлыптан босату" [p.93](#)

USB Display функциясы пайдаланылғандағы кескіннің дұрыс болмаған кезіндегі шешімдері

Егер кескін пайда болмаса немесе кескін USB Display функциясымен дұрыс көрсетілмесе, төмендегі әрекетті орындап көріңіз:

- Қашықтықтан басқару пультіндегі [USB] түймесін басыңыз.
- USB кабелін ажыратып, қайта жалғаңыз.
- Epson USB Display бағдарламалық жасақтамасы дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.

ОЖ немесе компьютер параметрлеріне байланысты, бағдарламалық жасақтама автоматты түрде орнатылмауы мүмкін. Ең соңғы шыққан бағдарламалық жасақтаманы төмендегі веб-сайттан жүктеп, орнатыңыз.

epson.sn/

- Мас үшін **Dock** қалтасындағы **USB Display** белгішесін таңдаңыз. **Dock** мәзірінде белгіше пайда болмаса, **Applications** қалтасындағы **USB Display** параметрін екі рет басыңыз.

Dock функциясындағы **USB Display** белгіше мәзірінен **Шығу** опциясын таңдасаңыз, USB кабеліне жалғанған уақытта USB Display автоматты түрде қосылмайды.

- Егер тінтуір курсоры жыпылықтап тұрса, компьютеріңіздің **Epson USB Display Settings** бағдарламасындағы **Make the movement of the mouse pointer smooth** функциясын таңдаңыз.
- Компьютеріңіздің **Epson USB Display Settings** бағдарламасындағы **Transfer layered window** параметрін өшіріңіз.
- Windows Media Center арқылы проекцияланған кескіндер үшін, экран көлемін толық экран режимінен кішірейтіңіз.
- Windows DirectX көмегімен қолданбалар арқылы проекцияланған кескіндер үшін DirectX функцияларын қосыңыз.

» Қатысты сілтемелер

- "USB бейне және аудио үшін компьютерге жалғау" [p.32](#)

"No Signal" хабарламасы пайда болған кездегі шешімдер

No Signal хабарламасы пайда болса, төмендегі әрекеттерді орындап көріңіз:

- [Source Search] түймесін басып, кескіннің пайда болуын бірнеше секунд күтіңіз.
- Жалғанған компьютерді немесе бейне көзін қосыңыз және презентацияны бастау үшін ойнату түймесін басыңыз.
- Проекциялауға қажетті барлық кабельдердің дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Егер сіз ноутбуктан проекцияласаңыз, оның сыртқы мониторда көрсетілетіндей реттелгеніне көз жеткізіңіз.
- Қажет болса, проекторды және жалғанған компьютерді немесе бейне көзін өшіріп, қайта қосыңыз.
- HDMI көзінен проекциялайтын болсаңыз, HDMI кабелін қысқасымен ауыстырыңыз.

» Қатысты сілтемелер

- "Ноутбуктан көрсету" [p.196](#)
- "Мас ноутбугынан көрсету" [p.196](#)

Ноутбуктан көрсету

Ноутбуктан проекциялау кезінде **No Signal** хабарламасы пайда болса, сыртқы мониторға көрсететіндей ноутбук параметрлерін орнатуыңыз қажет.

- 1** Ноутбуктың **Fn** пернесін басып тұрып, монитор белгішесі бар пернені немесе **CRT/LCD** түймесін басыңыз. Кескін көрінуі үшін бірнеше секунд күтіңіз.
- 2** Ноутбук монитормен проекторда көрсету үшін, сол пернелерді қайта басып көріңіз.
- 3** Егер кескін ноутбук пен проекторда көрсетілмесе, сыртқы монитор порты қосылып тұрғандығын және жұмыс үстелі режимі өшіп тұрғандығына көз жеткізу үшін **Windows Display** бағдарламасын тексеріңіз.
- 4** Қажет болған жағдайда, бейне карта параметрлерін тексеріңіз және бірнеше дисплей опциясын **Clone** немесе **Mirror** күйіне орнатыңыз.

Мас ноутбугынан көрсету

Мас ноутбугынан проекциялау кезінде **No Signal** хабарламасы пайда болса, ноутбукты айналық көрініс дисплейіне орнатуыңыз қажет. (Толық мәлімет алу үшін ноутбук нұсқаулығын қараңыз.)

- 1** **System Preferences** қызметтік бағдарламасын ашыңыз және **Displays** таңдаңыз.
- 2** Қажет болса, **Display** немесе **Color LCD** опциясын таңдаңыз.
- 3** **Arrange** немесе **Arrangement** қойындысын басыңыз.

- 4** **Mirror Displays** таңдаңыз.

"Not supported" хабарламасы пайда болған кездегі шешімдер

Not supported хабарламасы пайда болса, төмендегі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Проектордың **Signal** мәзірінде дұрыс енгізу сигналы таңдалғанына көз жеткізіңіз.
- Компьютердің көрсету мүмкіндігі проектордың мүмкіндігі мен жиілік шектерінен асып түспейтіндігіне көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда, компьютеріңіз үшін басқа көрсету мүмкіндігін таңдаңыз.

» Қатысты сілтемелер

- "Енгізу сигналының параметрлері - сигнал мәзірі" [p.143](#)
- "Қолдау көрсетілетін монитор дисплейінің шешімдері" [p.217](#)

Тек ішінара кескін пайда болған кездегі шешімдер

Тек ішінара компьютер кескіні пайда болса, төмендегі шешімдерді пайдаланып көріңіз:

- Егер **VGA** компьютер кабелі арқылы компьютерден проекцияласаңыз, қашықтықтан басқару пультіндегі **[Auto]** түймесін басып, кескін сигналын оңтайландырыңыз.
- Проектордың **Signal** мәзіріндегі **Position** параметрінің көмегімен кескіннің орнын реттеңіз.
- Кескіннің басқа пропорционалдық коэффициентін таңдау үшін қашықтықтан басқару пультіндегі **[Aspect]** түймесін басыңыз.

- Жалғанған құрылғыға арналған сигналған сәйкес проектордың **Signal** мәзіріндегі **Resolution** параметрін өзгертіңіз.
- [E-Zoom] түймелерінің көмегімен кескінді ұлғайтсаңыз немесе кішірейтсеңіз, кескіннің бастапқы өлшеміне қайтару үшін, [Default] түймесін проектордың басыңыз.
- Қос дисплейді өшіру үшін компьютер дисплейнің параметрлерін тексеріңіз және проектор шектеулері аясында шешім орнатыңыз.
- Презентация файлдарын басқа мүмкіндіктер үшін жасалмағанын тексеру үшін презентация файлыңызға тағайындалған мүмкіндіктерді тексеріңіз.
- Проекциялаудың дұрыс режимін таңдағаныңызға көз жеткізіңіз. Мұны проектордың **Extended** мәзіріндегі **Projection** параметрі арқылы таңдауға болады.

» Қатысты сілтемелер

- "Енгізу сигналының параметрлері - сигнал мәзірі" [p.143](#)
- "Проекторды орнату параметрлері - Кеңейтілген мәзір" [p.148](#)
- "Қолдау көрсетілетін монитор дисплейінің шешімдері" [p.217](#)

Кескін тік төртбұрышты болмаған жағдайдағы шешімдер

Проекцияланған кескін тік төртбұрыш болмаған жағдайда, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Проекторды тура экранның алдына ортаға келтіріп, қарама-қарсы қойыңыз.
- Проектордың **Settings** мәзірінде **Auto V-Keystone** параметрін **On** етіп орнатыңыз. Проекторды жылжытқан сайын проектор автоматты түрде кескінді түзетеді.

☛ **Settings > Keystone > H/V-Keystone > Auto V-Keystone**

- Проектордың **Settings** мәзірінде **H-Keystone Adjuster** параметрін **On** етіп орнатыңыз. Сосын, кескін тегіс тікбұрыш болғанға дейін көлденең трапецияны реттеңіз.

☛ **Settings > Keystone > H/V-Keystone > H-Keystone Adjuster**

- Проектордағы трапеция түймелерін басып, кескіннің пішінін реттеңіз.
- Кескін пішінін дұрыстау үшін Quick Corner параметрін реттеңіз.

☛ **Settings > Keystone > Quick Corner**

» Қатысты сілтемелер

- "Auto V-Keystone" [p.55](#)
- "Трапеция тәрізді бұрмалау түймелерімен кескін пішінін түзету" [p.56](#)
- "Бұрыштық өзгеріс параметрімен кескін пішінін түзету" [p.57](#)
- "Көлденең трапеция реттегішімен кескін пішінін түзету" [p.55](#)

Кескіннің шуылы немесе кедергілері болған кездегі шешімдер

Егер проекцияланған кескіннің электрлік кедергісі (шуылы) болса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Компьютерді немесе бейне көзін проекторға жалғап тұрған кабельді тексеріңіз. Олар төмендегідей күйде болуы қажет:
 - Кедергі келтірмес үшін қуат сымынан бөлек болуы қажет
 - Екі ұшы да нық орнатылып тұруы қажет
 - Ұзартқышқа жалғанып тұрмауы қажет
- Бейне көзі үшін параметрлердің сәйкес келетіндігіне көз жеткізу үшін, проектордың **Signal** мәзіріндегі параметрлерді тексеріңіз.

- Егер бейне көзі үшін қолжетімді болса, проектордың **Image** мәзіріндегі **Deinterlacing** және **Noise Reduction** параметрлерін реттеңіз.
 - ☛ **Image > Image Enhancement > Noise Reduction**
 - ☛ **Image > Image Enhancement > Deinterlacing**
- Проектордың **Signal** мәзіріндегі **Auto** параметрін **Resolution** параметрі ретінде таңдаңыз.
- Проектор параметрлеріне үйлесетін компьютердің бейне мүмкіндігі мен жанарту жылдамдығын таңдаңыз.
- Егер VGA компьютер кабелі арқылы компьютерден проекцияласаңыз, қашықтықтан басқару пультііндегі [Auto] түймесін басып, **Tracking** және **Sync.** параметрлерін автоматты түрде реттеңіз. Егер кесіндер дұрыс реттелмесе, проектордың **Signal** мәзіріндегі **Tracking** және **Sync.** параметрлерін қолмен реттеңіз.
- Егер кескінді проектордың басқару элементтері көмегімен реттесеңіз, кескін сапасын жақсарту үшін проектордың **Image** мәзіріндегі **Sharpness** параметрін төмендетіп көріңіз.
- Егер ұзартқышты пайдалансаңыз, сигналдағы кедергі соның әсерінен туындап отырғанын анықтау үшін ұзартқышсыз проекциялап көріңіз.
- USB Display функциясын пайдалансаңыз, компьютеріңіздің **Epson USB Display Settings** бағдарламасындағы **Transfer layered window** параметрін өшіріңіз.

» Қатысты сілтемелер

- "Енгізу сигналының параметрлері - сигнал мәзірі" [p.143](#)
- "Кескін сапасының параметрлері - Кескін мәзірі" [p.141](#)
- "Қолдау көрсетілетін монитор дисплейінің шешімдері" [p.217](#)

Кескін анық емес немесе бұлыңғыр болған кездегі шешімдер

Проекцияланған кескін анық емес немесе бұлыңғыр болған жағдайда, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Кескін фокусын реттеңіз.
- Проекторды экранға барынша жақын қойыңыз.
- Проекторды трапециялық бұрамалануды реттеу бұрышы кескінді қисайтпайтындай орнатыңыз.
- Проектор объективін тазалаңыз.



Проекторды суық жерден алып келгенде объективтің буланбауы үшін, пайдаланбас бұрын проектордың бөлме температурасына дейін жылуына мүмкіндік беріңіз.

- Кескін сапасын жақсарту үшін проектордың **Image** мәзіріндегі **Sharpness** параметрін реттеңіз.
- Егер VGA компьютер кабелі арқылы компьютерден проекцияласаңыз, бақылау және синхрондау параметрлерін автоматты түрде реттеу үшін қашықтықтан басқару пультііндегі [Auto] түймесін басыңыз. Егер жолақтар немесе бұлыңғырлық кетпесе, экрандағы біркелкі пайда болған кескінді көрсетіңіз және проектордың **Signal** мәзіріндегі **Tracking** және **Sync.** параметрлерін қолмен реттеңіз.
- Егер компьютерден проекциялайтын болсаңыз, төменгі мүмкіндікті пайдаланыңыз немесе проектордың әдепкі мүмкіндіктерін пайдаланыңыз.

» Қатысты сілтемелер

- "Auto V-Keystone" [p.55](#)
- "Енгізу сигналының параметрлері - сигнал мәзірі" [p.143](#)
- "Кескін сапасының параметрлері - Кескін мәзірі" [p.141](#)
- "Қолдау көрсетілетін монитор дисплейінің шешімдері" [p.217](#)

- "Фокустау сақинасы арқылы кескінді фокустау" [p.61](#)
- "Объективті тазалау" [p.178](#)

Кескіннің жарықтығы немесе түстері дұрыс емес кездегі шешімдер

Проекцияланған кескін тым қараңғы немесе тыс жарық болса немесе түстер дұрыс емес болса, келесідей әрекеттерді орындаңыз:

- Кескін және қоршаған ортаға арналған түрлі түс режимдерін сынап көру үшін қашықтықтан басқару пультіндегі [Color Mode] түймесін басыңыз.
- Бейне көзінің параметрлерін тексеріңіз.
- Ағымдағы кіріс көзі үшін **Brightness, Contrast, Tint** және **Color Saturation**. сияқты проектордың **Image** мәзірінде қолжетімді параметрлерді реттеңіз.
- Кескін көзі үшін қолжетімді болса, проектордың **Signal** мәзіріндегі **Video Signal** немесе **Video Range** параметрлерін дұрыс таңдағаныңызға көз жеткізіңіз.
 - ☛ **Signal > Advanced > Video Signal**
 - ☛ **Signal > Advanced > Video Range**
- Проекторыңыз бен бейне құрылғыңызға барлық кабельдердің дұрыс жалғанғандығын тексеріңіз. Егер жалғанған кабельдер ұзын болса, қысқа кабельдерді жалғаңыз.
- Егер **ECO** параметрін **Power Consumption** ретінде пайдалансаңыз, **High** немесе **Medium** күйін таңдап көріңіз.
 - ☛ **ECO > Power Consumption**



Жоғары биіктікте немесе жоғары температуралы аймақтарда кескін қараңғылана түсуі мүмкін және **Power Consumption** параметрін реттей алмауыңыз мүмкін.

- Проекторды экранға барынша жақын қойыңыз.

- Егер кескін уақыт өткен сайын қараңғылана түссе, проектордың шамын барынша тезірек ауыстыруыңыз қажет.

» Қатысты сілтемелер

- "Кескіннің сапасын реттеу (түс режимі)" [p.67](#)
- "Енгізу сигналының параметрлері - сигнал мәзірі" [p.143](#)
- "Кескін сапасының параметрлері - Кескін мәзірі" [p.141](#)
- "Проекторды орнату параметрлері - ECO мәзірі" [p.165](#)

Дауыстық ақаулықтар шешімі

Егер дыбысы шықпаса немесе дауысы өте төмен немесе өте жоғары болса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Проектордың дауыс параметрлерін реттеңіз.
- Егер бейне немесе аудио уақытша тоқтатылған болса, оны жалғастыру үшін қашықтықтан басқару пультіндегі [A/V Mute] түймесін басыңыз.
- Дауыс деңгейі көтерілгеніне және аудио шығысы тиісті көзге орнатылғанына көз жеткізу үшін компьютеріңізді немесе бейне көзін тексеріңіз.
- Проектор мен бейне көзі арасындағы аудио кабель қосылымдарын тексеріңіз.
- Жалғанған аудио кабельдің "Кедергі жоқ" жапсырмасы жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.
- USB Display функциясын пайдалансаңыз, компьютеріңіздің **Epson USB Display Settings** бөлімінен **Output audio from the projector** параметрін қосыңыз.
- Проектордың **Extended** мәзіріндегі **A/V Settings** параметрінде тиісті аудио кірісін таңдаңыз.

- Проектор өшіп тұрғанда жалғанған аудио көзін пайдаланғыңыз келсе, **Standby Mode** опциясын **Communication On** күйіне орнатыңыз және **A/V Settings** опциясы проектордың **Extended** мәзірінде дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
☛ **ECO > Standby Mode > Standby Mode**
- Проектордың **Settings** мәзірінде **Mic Input Level** параметрін таңдаңыз. Егер параметр тым жоғары болса, басқа қосылған құрылғылардың дыбысы тым төмен болады.
- HDMI көзінен шыққан дауыс естілмесе, жалғанған жабдықты PCM шығысына орнатыңыз.
- HDMI кабелін пайдаланып проекторды Mac жүйесіне жалғау кезінде, Mac жүйесінің HDMI порты арқылы аудиоға қолдау көрсететініне көз жеткізіңіз. Олай болмаса, аудио кабелін жалғауыңыз қажет.
- Проектордың дауыс деңгейі максимумда болып, компьютердің дауыс деңгейі минимумда болса, дауыстар араласуы мүмкін. Компьютер дауысын көтеріп, проектор дауысын төмендетіңіз. (Epson iProjection (Windows/Mac) немесе USB дисплейін пайдаланғанда.)

» Қатысты сілтемелер

- "Проектор қосылымдары" [p.31](#)
- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - параметрлер мәзірі" [p.145](#)
- "Проекторды орнату параметрлері - Кеңейтілген мәзір" [p.148](#)
- "Проекторды орнату параметрлері - ECO мәзірі" [p.165](#)
- "Дыбыс түймелерімен дыбысты басқару" [p.69](#)

Кескін файлының аттары PC Free ішінде дұрыс көрсетілмеген кездегі шешімдер

Егер файл аттары дисплей аймағынан ұзын болса немесе қолдау көрсетілмейтін белгілерді қамтыса, файл аттары PC Free функциясы арқылы қысқартылуы немесе өзгертілуі мүмкін. Файл атын қысқартыңыз немесе өзгертіңіз.


Проектор мен қашықтықтан басқару пультіңде ақаулықтар болса, осы бөлімдердегі шешімдерді қараңыз.

» Қатысты сілтемелер

- "Проектор қуаты немесе өшіру ақаулықтарының шешімі" [p.201](#)
- "Қашықтықтан басқару пультіңдегі ақаулықтар шешімдері" [p.201](#)
- "Құпия сөз ақаулықтарының шешімі" [p.202](#)
- ""The Battery that Saves Your Clock Settings is Running Low" хабары көрсетілген кездегі шешім" [p.202](#)

Проектор қуаты немесе өшіру ақаулықтарының шешімі

Қуат түймесін басқан кезде проектор қосылмаса немесе күтпеген жерден өшіп қалса, төмендегі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Проекторға және жұмыс істейтін электрлік розеткаға қуат кабелінің дұрыс жалғанып тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Қашықтықтан басқару пультіңдегі қуат түймесі проекторды қоспайтын болса, батареяларын тексеріңіз және проектордың **Settings** мәзіріндегі **Remote Receiver** параметрінде қашықтан қабылдау құрылғыларының кем дегенде бірі қосылып тұрғандығына көз жеткізіңіз.
- Проектор түймелері қауіпсіздік мақсатында құлыптаулы болуы мүмкін. **Control Panel Lock** параметрінің түймелерін құлыптан босатыңыз немесе проекторды қосу үшін қашықтықтан басқару пультің пайдаланыңыз.
 **Settings > Lock Setting > Control Panel Lock**
- Егер проектордың шамы күтпеген жерден өшіп қалса, қолданылмаған уақыт аралығынан кейін ұйқы режимінде болуы мүмкін. Проекторды "Ұйқы" режимінен шығару үшін кез келген операцияны орындаңыз. Ұйқы режимін өшіру үшін, проектордың **ECO** мәзірінде **Off** параметрін **Sleep Mode** параметрі ретінде таңдаңыз.

- Егер проектор шамы күтпеген жерден өшіп қалса, A/V дыбысты өшіру таймері қосулы болуы мүмкін. A/V дыбысты өшіру таймерін өшіру үшін, проектордың **ECO** мәзіріндегі **Off** параметрін **A/V Mute Timer** параметрі ретінде таңдаңыз.
- Егер проектор шамы күтпеген жерден өшіп қалса, объектив қақпағының таймері қосулы болуы мүмкін. Объектив қақпағы таймерін өшіру үшін, проектордың **ECO** мәзіріндегі **Off** параметрін **Lens Cover Timer** параметрі ретінде таңдаңыз.
- Проектор шамы өшіп, күй индикаторы жыпылықтаса және температура индикаторы жанып тұрса, проектор қызып кетті және өшіп қалды дегенді білдіреді.
- Проектордың параметрлеріне байланысты, салқындатқыш желдеткіштер күту режимінде жұмыс істеуі мүмкін. Сондай-ақ, проектор күту режимінен қосылған кезде желдеткіштер күтпеген шуыл шығаруы мүмкін. Бұл ақаулық емес.
- Қуат сымында ақаулық болуы мүмкін. Қуат сымын ажыратып, Epson компаниясына хабарласыңыз.

» Қатысты сілтемелер

- "Проекторды орнату параметрлері - ECO мәзірі" [p.165](#)
- "Проектор индикаторының күйі" [p.190](#)
- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - параметрлер мәзірі" [p.145](#)
- "Проектор түймелерін құлыптан босату" [p.93](#)

Қашықтықтан басқару пультіңдегі ақаулықтар шешімдері

Егер проектор қашықтықтан басқару пультінің пәрмендеріне жауап бермесе, төмендегі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Қашықтықтан басқару пультінің батареялары дұрыс орнатылғанына және заряды бар екеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, батареяларды ауыстырыңыз.

- Қашықтықтан басқару пультіні қабылдайтын бұрышпен және проекторға жақын пайдаланып жатқаныңызға көз жеткізіңіз.
- Проектордың қызып кетпегенін және өшіп қалмағанын тексеріңіз.
- Қашықтықтан басқару пультінің түймесі басылып қалып, проекторды ұйқы режиміне орнатпағанына көз жеткізіңіз. Қашықтықтан басқару пультіні ұйқы режимінен шығару үшін түймені босатыңыз.
- Қатты флуоресценттік жарық, күн сәулесінің тікелей түсуі немесе жабдық инфрақызыл сигналдары проектордың қашықтықтағы қабылдағыштарына кедергі жасауы мүмкін. Жарықты бәсеңдетіңіз немесе проекторды күн сәулесінен немесе кедергі жасайтын құрылғыдан алшақтатыңыз.
- Проектордың **Settings** мәзіріндегі **Remote Receiver** параметрінде қашықтық қабылдағыштарының ең кемінде біреуі қолжетімді екеніне көз жеткізіңіз.
- Егер **Remote Receiver** параметрі өшірілсе, параметрді әдепкі мәнге келтіру үшін қашықтықтан басқару пультіндегі [Menu] түймесін кемінде 15 секундқа ұстап тұрыңыз.
- Қашықтықтан басқару пультінен бірнеше проекторды басқару үшін проекторыңызға идентификатор нөмірін тағайындаған болсаңыз, идентификатор параметрін тексеру немесе өзгерту қажеттілігі болуы мүмкін.
- [ID] түймесін басып тұрып, қашықтан басқару пультіндегі 0 (нөл) түймесін басыңыз. Қашықтықтан басқару пультінен 0 түймесін таңдау арқылы проектор идентификаторы параметрлерінен тәуелсіз барлық проекторларды басқаруға болады.
- Қашықтықтан басқару пультіні жоғалтып алсаңыз, Epson компаниясынан жаңасына тапсырыс бере аласыз.

» Қатысты сілтемелер

- "Қашықтан басқару пультінің жұмысы" [p.41](#)
- "Проектор мүмкіндігінің параметрлері - параметрлер мәзірі" [p.145](#)
- "Басқарғыңыз келген проекторды таңдау" [p.86](#)

- "Қашықтан басқару пультіне батареяларды орнату" [p.40](#)

Құпия сөз ақаулықтарының шешімі

Құпия сөзді енгізе алмасаңыз немесе есіңізге түспесе, төмендегі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Егер құпия сөзді бірнеше рет қате енгізсеңіз, сұрау кодын көрсететін хабарламаны қараңыз, кодты жазып, көмек алу үшін Epson компаниясына хабарласыңыз. Проекторды құлыптан босату үшін сұрау коды мен меншіктік растама жазыңыз.
- Қашықтықтан басқару пультіні жоғалтып алсаңыз, құпия сөзді енгізе алмайсыз. Epson компаниясына жаңа пультқа тапсырыс беріңіз.

Назар аударыңыз

Проектордың **Network** мәзірінде **Reset network settings**. процедурасын орындасаңыз, **Network** мәзірі үшін орнатылған барлық құпиясөздер де қалпына келтіріледі және оларды қайта орнатуыңыз керек. Құпия сөздердің рұқсат етілмеген пайдаланушылар тарапынан қалпына келтірілуін болдырмау үшін, **Password Protection** мәзірінде **Network Protection** параметрін **On** күйіне орнатыңыз.

"The Battery that Saves Your Clock Settings is Running Low" хабары көрсетілген кездегі шешім

Егер **The battery that saves your clock settings is running low**. хабары көрсетілсе, Epson компаниясынан анықтама алыңыз.

Желідегі проекторды пайдалану кезінде мәселелер туындаса осы бөлімдердегі шешімдерді тексеріңіз.

» Қатысты сілтемелер

- "Сымсыз аутентификация сәтсіз болғандағы шешімдер" [p.203](#)
- "Веб арқылы проекторды ашу мүмкін болмаған жағдайдағы шешімдер" [p.203](#)
- "Желілік дабылдың электрондық хабарламалары қабылданбаған кездегі шешімдер" [p.204](#)
- "Желілік проекция кезінде кескіннің кедергілері болған кездегі шешімдер" [p.204](#)
- "Экранның айналық көрінісі арқылы қосу мүмкін емес болған кездегі шешімдер" [p.204](#)
- "Screen Mirroring қосылымы барысында кескін немесе дыбыс кедергілері болған кездегі шешімдер" [p.205](#)

Сымсыз аутентификация сәтсіз болғандағы шешімдер

Егер аутентификация кезінде мәселе туындаса, төмендегі шешімдерді қолданып көріңіз:

- Сымсыз қосылым параметрлері дұрыс болса, **Date & Time** параметрлерін жаңартуыңыз қажет болады.
 - ☛ **Extended > Operation > Date & Time**
- Проектордың **Network** мәзіріндегі **Security** параметрлерін көріңіз.
 - ☛ **Network > Network Configuration > Wireless LAN**
- Кіру нүктесінің қауіпсіздігі WPA3-EAP болса, кіріс нүктесі параметрін WPA2/WPA3-EAP мәніне өзгертіңіз.

» Қатысты сілтемелер

- "Проекторды орнату параметрлері - Кеңейтілген мәзір" [p.148](#)
- "Желілік мәзір - Сымсыз жергілікті желі мәзірі" [p.156](#)

Веб арқылы проекторды ашу мүмкін болмаған жағдайдағы шешімдер

Егер проекторды Веб-браузер арқылы ашу мүмкін болмаса, дұрыс идентификатор мен құпия сөз қолданып жатқаныңызға көз жеткізіңіз.

- Реттеулерді орындаудан бұрын келесілерді орындағаныңызға көз жеткізіңіз: (Пайдаланушы идентификаторын өзгерту мүмкін емес.)
 - **Basic Control** опциясына қол жеткізу үшін **EPSONREMOTE** енгізіңіз.
 - Басқа опциялар мен сақтау параметрлеріне қол жеткізу үшін **EPSONWEB** енгізіңіз.
- Құпия сөз үшін проектордың **Network** мәзірінде орнатылған құпия сөзді енгізіңіз. Әдепкі бойынша ешқандай құпия сөз орнатылмайды.
- Проектор қосылып тұрған желіні аша алатындығыңызға көз жеткізіңіз.
- Егер веб-шолғыш прокси сервері арқылы қосылатындай етіп орнатылған болса, **Epson Web Control** экраны көрсетілмейді. Прокси серверін пайдаланбай байланыс параметрлерін орнатыңыз.
- Егер күту режиміндегі проектор мәзірінде **Standby Mode** параметрін **Communication On** етіп орнатсаңыз, желілік құрылғының қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Желі құрылғысын қосқаннан кейін проекторды қосыңыз.
 - ☛ **ECO > Standby Mode > Standby Mode**



Пайдаланушы идентификаторы мен құпия сөз әріп түріне тәуелді.

» Қатысты сілтемелер

- "Желілік мәзір - негізгі мәзір" [p.155](#)

Желілік дабылдың электрондық хабарламалары қабылданбаған кездегі шешімдер

Желідегі проектор ақаулықтары туралы электрондық хабарлама алмасаңыз, төмендегі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Проектордың қосылып тұрғандығына және желіге дұрыс қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. (Егер қате нәтижесінде проектор өшсе, электрондық пошта хабары жеткізілмеуі мүмкін.)
- Проектор желісінің **Notifications** мәзірінде немесе желілік бағдарламалық жасақтамада проектордың электрондық хабарлама дабылының параметрлері дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз.
- Желілік бағдарламалық жасақтама проекторды күту режимінде бақылай алатындай **Standby Mode** параметрін **Communication On** күйіне орнатыңыз.
 - ☛ **ECO > Standby Mode > Standby Mode**
- **Port** параметрін желі ортасына сәйкес өзгертіңіз.
 - ☛ **ECO > Standby Mode > Port**

► Қатысты сілтемелер

- "Желілік мәзір - Хабарламалар мәзірі" [p.160](#)
- "Проекторды орнату параметрлері - ECO мәзірі" [p.165](#)

Желілік проекция кезінде кескіннің кедергілері болған кездегі шешімдер

Егер желілік проекция кезінде проекцияланған кескіннің кедергісі болса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Қатынасу нүктесі, компьютер, мобильді құрылғы және проектор арасындағы кедергіні тексеріңіз және байланысты жақсарту үшін олардың орындарын өзгертіңіз.
- Қатынасу нүктесі, компьютер, мобильді құрылғы және проектор бір-бірінен алыс орналаспағандығына көз жеткізіңіз. Оларды бір-біріне жақын етіп жылжытып, қайта қосып көріңіз.
- Bluetooth құрылғысы немесе микротолқынды пеш сияқты құрылғы арқылы кедергіні тексеріңіз. Кедергі келтіретін құрылғыны алысқа жылжытыңыз немесе сымсыз өткізу мүмкіндігін кеңейтіңіз.
- Егер байланыс жылдамдығы төмендесе, қосылған құрылғылар санын азайтыңыз.

Экранның айналық көрінісі арқылы қосу мүмкін емес болған кездегі шешімдер

Егер Screen Mirroring арқылы проекторға қосу мүмкін болмаса, келесі әрекеттерді орындаңыз:

- Проектор параметрлерін тексеріңіз.
 - Проектордың **Network** мәзіріндегі **Screen Mirroring** параметрін **On** етіп таңдаңыз.
 - **Display Name** параметрін проектордың Screen Mirroring Settings мәзірінде "-" таңбасынсыз өзгертіңіз, болмаса ол мобильдік құрылғыңызда дұрыс көрсетілмеуі мүмкін.
 - ☛ **Network > Screen Mirroring Settings > Display Name**
 - **Off** күйін проектордың **Network** мәзіріндегі **Screen Mirroring** параметрі ретінде таңдаңыз және **On** күйін қайта таңдаңыз.
 - **Operation Mode** параметрін өзгертіп, қайта қосылыңыз.
 - ☛ **Network > Screen Mirroring Settings > Operation Mode**
 - **No Interruptions** параметрі орнатылған проекторға басқа құрылғылардың қосылмағандығына көз жеткізіңіз.
 - ☛ **Network > Screen Mirroring Settings > Extended > Meeting Mode**
 - **Channel** параметрін сымсыз LAN ортасына сәйкес өзгертіңіз.
 - ☛ **Network > Screen Mirroring Settings > Extended > Channel**
- Мобильді құрылғы параметрлерін тексеріңіз.
 - Мобильді құрылғыдағы параметрлердің дұрыс екендігіне көз жеткізіңіз.
 - Ажыратылғаннан кейін дереу қайта қосылу кезінде, байланыс орнатылғанға дейін біршама уақыт алуы мүмкін. Біраз уақыттан кейін қайта қосыңыз.
 - Мобильді құрылғыны қайта іске қосыңыз.
 - Экранның айналық көрінісі арқылы қосылған кезде, проектор байланысы туралы ақпарат мобильді құрылғыға жазылуы мүмкін. Дегенмен, жазылған ақпарат арқылы проекторға қайта қосылу мүмкін болмайды. Қолжетімді құрылғылар тізімінен проекторды таңдаңыз.

» Қатысты сілтемелер

- "Проектордың желілік параметрлері - Желілік мәзір" [p.152](#)
- "Желілік мәзір - Screen Mirroring параметрлері" [p.154](#)

Screen Mirroring қосылымы барысында кескін немесе дыбыс кедергілері болған кездегі шешімдер

Егер Screen Mirroring арқылы қосу кезінде проекцияланған кескінде не дыбыста кедергі болса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз:

- Мобильді құрылғының Wi-Fi антеннасын жабуға болмайды.
- Screen Mirroring байланысын және интернет байланысын бір уақытта пайдалансаңыз, кескін тоқтауы мүмкін немесе шуылы болуы мүмкін. Сымсыз өткізу мүмкіндігін кеңейту үшін және мобильді құрылғының байланыс жылдамдығын жақсарту үшін, интернет байланысын ажыратыңыз.
- Проекциялау мазмұндарының Screen Mirroring талаптарына сай екендігіне көз жеткізіңіз.
- Мобильді құрылғының параметрлеріне байланысты, құрылғы қуатты үнемдеу режиміне қосылғанда, байланыс жоғалуы мүмкін. Мобильді құрылғыдағы электр қуатын үнемдеу параметрлерін тексеріңіз.
- Мобильді құрылғыдағы сымсыз жетекті немесе бағдарламаны ең соңғы нұсқасына жаңартыңыз.

» Қатысты сілтемелер

- "Мобильді құрылғыдағы сымсыз желі проекциясы (Screen Mirroring)" [p.108](#)

Қосымша

Проекторыңыз туралы техникалық сипаттамалар мен маңызды ескертпелерді мына бөлемдерден тексеріңіз.

► Қатысты сілтемелер

- "Қосымша аксессуарлар және ауыстыру бөлшектері" [p.207](#)
